Бұдан кейін Батыс Қарахандар мемлекетінің тәуелсіздігіне қауіп-қатер селжұқтар тарапынан, әсіресе, Мелих шах сұлтан (1072-1092) тұсында күшейді. 1089 жылы Мелих шах Батыс Қарахандардың астанасы Самарқандты басып алды. Тараз бен Баласағұнды билейтін Қадыр хан Жебірейілдің селжұқтарға қарсы 1102 жылғы жорықтары сәтсіз аяқталды. XII ғасырдың басынан бастап, Мауреннахрдағы селжұқтар гегемониясына қарсы Батыс Қарахандар мемлекетіндегі қарлықтардың күресі басталды.

Селжұқтардың ықпалымен қойылған Батыс Қарахандар мемлекетінің билеушісі Арслан хан Мухаммед ибн Сулейменге (1102-1130) қарсы жергілікті қарлық эмирлерінің бірі Сагун бек 1103 және 1109 жылдары көтеріліс жасады. Алайда, көтеріліс селжұқ сұлтаны Санжардың көмегімен басылды. Көтерілісті басқарушы "сагун" атағы

көрсетіп тұрғандай, оның тегі қарлықтан екені анық. Өйткені бұл атақты ертеден тек қарлық тайпаларының билеушілері иемденген. Жалпы Мауреннахрдағы қарлықтар селжұқ билігіне қарсы үнемі күрес жүргізіп отырды. Сондықтан да жоғарыда айтылған Сагун бектің екі көтерілісі де сол қарлықтар наразылығының нәтижесі болуы керек.

Қарлықтардың тағы бір сондай іс-әрекеті 1129 жылы болды. Арслан ханға оның көмекшісі Насрмен келісіп, қарлықтар төңкеріс ұйымдастыруға қатысты. Бірақ бұл жағдай алдын-ала білініп қалып, Арслан хан Санжар сұлтаннан көмек сұрады. Санжар көп әскерімен Амударияны кешіп өткенде көтерілген қарлықтар Самарқандтан қашып кетті. Ибн әл-Асирдің басқа бір жазуында Санжар сұлтан көтерілісші қарлықтарды басып, оларды Самарқандтан қуып шықты деп хабарлайды. Ақырында 1130 жылы бірнеше шабуылдан кейін Самарқанд алынып, тоналды.

Осы кезде күшейген қара қытайлар Қарахандар әулетінің иеліктерін жаулап ала бастады. Шығыс Қарахандардың билеушісі Сүлеймен ибн Қадырхан олардың күшіне тойтарыс бере алмады. Бұл жағдайда жергілікті удельдік билеушілер, әсіресе әскердің негізін құрайтын қарлықтар Қарахандар әулетінің әлсіздігіне, селжұқтарға және қара қытайларға төтеп бере алмағанына наразы болды. Жетісу қарлықтары қаңлылармен біріге отырып, Баласағұнға жорық жасады. Қорыққан хан қара қытайлықтарды көмекке шақырды. Бұл жағдай қара қытай билеушісі Елюй Дашиге жақсы сылтау болды. Көп әскерімен келіп Баласағұнды басып алды да, ханды лауазымынан айырып, оған "елік" атағын берді. Елюй Даши Баласағұнды өзінің ордабасына айналдырды.

Баласағұнды алған соң, қарақытайлар бүкіл Жетісу өңірі мен Қашғарды өзіне тәуелді етті. Енді қара қытайлар үшін Мауреннахрға жол ашылды. Бұл қауіпті ескерген Самарқандағы Махмуд Арслан хан (селжұқтардың қойған ханы) қол жинап қарақытайларға қарсы жүрді. Бірақ, 1137 жылы мамыр айында Ходжент түбінде болған шайқаста хан әскері жеңіліп қалды.

Өзінің күші жетпейтінін білген Махмуд селжұқ сұлтаны Санжардан көмек сұрады. Бұл кезде Санжардың өзіне де Хорезмшах тарапынан қауіп бар еді. Сондықтан ол әуелі Хорезмшақа жорық жасап, кейін Махмудқа көмектесу үшін үлкен дайындық қамына кірісті. Өзіне бағынышты иеліктерден (Систан, Гүр, Газне, Мазендаран және т.б.). Санжар 100 мыңдай әскер жинап, 1140 жылдың жазында жолға шықты. Санжар Самарқандқа келгенде Махмуд хан оған

қарлықтардың қарсылық жасап жүргенін айтып, оларды бағындырып беруін сұрады. Селжұқтар қарлық иеліктеріне басып кіріп, жайылымдарын тартып алды және тұрғындарын қуғындай бастады. Қарлық басшылары Санжар сұлтанға бұл әділетсіздіктен бас тартуға, олардың жерлері мен иеліктерін қайтарып беруге және бұл тілектер орындалған жағдайда селжұқтарға 5 мың түйе, 5 мың жылқы және 50 мың қой беретіндіктерін білдірді. Тілектері қанағаттандырылмағандықтан, қарлықтар селжұқтарға қарағанда жергілікті халыққа қысымшылық жасай қоймайтын қарақытайлардан көмек сұрауға мәжбүр болды.

Қара қытайлық Гурхан алдымен Санжарға қарлықтарға кешірім етсін деген тілекпен хат жіберді. Алайда Санжар бұл тілекті орындауға уәде бермей, қара қытайларды исламды қабылдауға шақырды және мұны орындамаған жағдайда Гурханға қарсы жорыққа шығатынын білдірді. Гурхан Санжар әскерінің санына жақын қол жинап, Мауреннахрға қарай жүрді. Қарлықтар да 30 мың қол жинап Гурханға қосылды. Санжар мен Гурхан әскері 1141 жылдың қыркүйек айында Самарқанд маңындағы Қатаған деген жерде кездесті. Санжар өз әскерін үшке бөліп, орналастырды. Гурхан да әскерін үш бөлікке бөліп қарсы қойды. Шайқас барысында қарақытайлар Санжар әскерін тықсырып кері шегіндірді де, оларды Дейрі Гам жазығындағы өзеннен өтуге мәжбүр етті. Өзеннен өтерде Санжар әскерінің біразы суға батты, ал қалғаны бас сауғалап қашты. Жалпы Санжар әскерінен 30 мың шығын болған. Бұл шайқаста селжұқтардың жеңілуінде қарлық әскерінің рөлі зор еді. Өйткені шайқастың ең шешуші жерлерінде осы қарлықтар болған. Санжар өзінің бір бөлік әскерімен Балхқа қашты. Қалғандары қолбасшыларымен бірге тұтқынға түсті.

Қатаған шайқасынан кейін де қарлықтар өзінің тәуелсіздігі үшін күресті жалғастырды. Санжар сұлтан жеңілген соң, Гурхан Самарқандқа Тамгач хан Ибрагимді қойды. Хан жергілікті елге өте қайырымсыз, қатал болды. Қарлықтар 1156 жылы оған да қарсы шығып, Бұхара жанындағы Каллабаз деген жерде Ибрагим ханды өлтіріп, денесін көмусіз далаға тастады.

Самарқандтағы болып жатқан жағдай Балх төңірегіндегі, яғни Тохаристан қарлықтарын да аландатпай қоймады. Олар да селжұқтардың таққа отырғызған хандарына қарсы шықты. 1156 жылы Санжар әскерімен Термезден Хорасанға жүрген кезде Балх қарлықтары мен оларды қолдайтын Әмудария тұрғындары қарсы көтерілді.

Санжар бағытын өзгертіп, Мервке кетуге мәжбүр болды. Самарқанд тағына қарақытайлар көмегімен Тафгач хан орнына "Көк Сагун" деген атағы бар Хасан тегінің ұлы Жалелед-дин келді. Ол қарлықтардың басшысы Жабғу ханды өлтіртті. Қарлықтар Хорезмшахты паналап, одан көмек сұрауға мәжбүр болды. Хорезмшах Ел Арслан Мауреннахрдағы қара қытайлар билігін әлсірету мақсатына қарлықтарды пайдаланбақ үшін оларды жылы қарсы алды.

1158 жылдың маусым айында Хорезмшах қарлықтарға көмектесу үшін Мауараннахрға жорыққа шықты. Самарқанд ханы Көк Сагун бір жағынан, көшпелі түркмендерден, екінші жағынан қара қытайлықтардан көмек алды. Гурхан оған он мындай әскер берді. Хорезмшах пен Көк Сагун әскерлері Зарафшанның екі жағына келіп қарсы тұрды. Қарақытайлар мен түркімендер жағы Хорезмшахпен бірден соғысуға бата алмай, бітім жасауға ниет білдірді. Олар Самарқанд имамдарын делдалдыққа салу арқылы бейбіт келісімге келді. Хорезмшах келісімнің шарты ретінде қарлықтарды мекендеріне қайтарып, эмирлерін орнына қойдыруды талап етті. Қарсы жақ бұл талаптарды қабыл алды және орындады.

Алайда "қарлық мәселесі" мұнымен шешіліп бітпеді. Желаледдин орнына келген інісі Қылыш Тафгач хан Масуд (1169/1170 жылдардан кейін өлген) қарлықтармен күресті одан әрі жүргізді. Гурхан оған бір хатында қарлықтардың қаруларын тастатып, жер өңдеу шаруашылығымен айналыстыру қажеттігін тапсырды. Қылыш Тафгач хан мұны қарлықтардан талап еткенде, олар көтеріліп, Бұхараға қарай жорыққа шықты. Бұхара билеушісі факих Мухаммед Омар оларды Самарқандтағы Қылыш Тафгач хан әскерімен келгенше келіссөзбен алдап, ұстап тұрды. Ал Самарқанд билеушісі келгеннен соң, Бұхара жанындағы шайқаста қарлық қолбасшысы Аяз би ерлікпен хан шатырына дейін жетіп, оны өлтірмекші болғанда тұтқынға түсті және өлтірілді. Катиб ал Самарқанди дерегі бойынша Масуд билігі кезінде Айар би көтерілісі болған. Ол бір әулетті текті жанұядан шықпаған. Өзінің алғырлығы мен қабілеттілігінің арқасында қызметке көтерілген. Қарлықтардың әскербасыларының ішінде оған тең келер ешкім жоқ-ты. Мауреннахрда бір жыл бас қолбасшы болды. Алайда белгісіз бір себептен ханға қарсы бүлік ашты. Хунгу даласындағы шайқаста Айар би ханның шатырына кіріп барып, оны өлтірмек болды. Бірақ, тұтқын етілді, және хан алдында басы кесілді. Бұл хабар Ибн әл

- Асирде де қуатталады [7, 104-105]. Жоғарыда келтірілген Аяз және Айар би екеуі бір адам болуы керек (Араб, ғарпінде "р" және "з" әріптерінің жазылуы тек басына қойылатын диакриттік белгімен айырылуына байланысты қолжазбаларда бұл белгінің кей ретте өшіп қалуы не түспей қалуы жиі кездесетін жәйт. Сонымен бірге, қазақта «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» деген сөз жоғарыда айтылған оқиғаларға байланысты қалған болу керек. Бір қызығы аңызда Аяз бидің қарадан шыққандығын оның өз есігінің мандайшасына жыртық тонын іліп қоюы да көрсетеді. Қарлықтардың Аяз биіне байланысты оқиғалары мен қазақтың "Аяз би" аңызының сәйкестігі – дәлелдеуді қажет ететін жеке бір мәселе – С. С.).

Басқа бір деректерде бұл оқиға әрі қарай дәлелдене түседі: Ел Арслан әскерінің алдын бастаушы-қолбасшы ретінде Мауреннахрдағы қарлық эмирінен Шамс-әл-Мульк Хусейн Аяз биді тағайындайды. Мұның бабасы кезінде Самарқандты алған. Кейін Хотан билеушілерінің қысымына ұшырады. Ұлы Шамс-ал-Мульк Аяз би қашып Хорезмге келеді. Хорезмшах оны жылы лебізбен қабылдап, қадір тұтты. Қызын беріп үйлендірді және әскеріне қолбасшы етіп тағайындады.

Бір-біріне мазмұны жағынан жақын және бір тарихи кезеңде болған бұл оқиғалардың салдары бір, яғни, қарлықтардың Мауреннахрдан бірте-бірте кетуі айтылады. Осы оқиғадан кейін қарлықтар Хорезмге, яғни Дешті Қыпшаққа және Жетісу жаққа бірте-бірте жылжуы басталады (Осы жерде айта кету орынды: қазақтың үш жүзінің бірінен кейін бірі жоғарыда аталған жерлерге келіп, қалып қойғаны туралы тарихи аңыздың шындыққа жақын екендігін көрсетеді Жалпы жоғарыда келтірілген жазба деректер мен қазақ аңыздарының сәйкестігі қазақтың үш жүзінің де руларының осы Қарахандар әулеті мемлекетінің құрамындағы оғыз-қарлық көшпелі тайпалар конфедерациясында болғанын көрсете алады – С. С)

Әлеуметтік-саяси шиеленістердің себептері мен нәтижелері. Осы уақытқа дейінгі тарихнамада көшпенділер мен отырықшылардың қатынасы мәселесінде өзара ықпалдастығы біршама жақсы зерттелгенімен, олардың әлеуметтік-экономикалық дамудың бір кезеңінде бір-бірінен алшақтауы немесе бөлінуі мәселесіне және оның себептеріне жеткілікті мән беріле қойған жоқ. Бұл мәселені дұрыс қойып, оны шешу қазірде қазақтар және олардың ата-бабаларының таза көшпенділер болды ма немесе жартылай көшпенді болды ма деген сұраққа түпкілікті жауап беруге көмектеседі. Бұл проблеманы шешудің

жолын Қарахандар мемлекетінің әлеуметтік-саяси тарихы мысалында анық көруге болады. Қарахандар әулеті құрған мемлекеттің құрамында болған көшпелілігі басым қарлық, оғыз ру-тайпаларының (кейін қазақ, өзбек, түркмен және қырғыз халықтарын қалыптастырған) өздерінің елдік болмысы мен тыныс - тіршілігін және еркіндігін сақтап қалу үшін үнемі күрес жағдайында болды. Қарахандар әулетінің екіге бөлінуі, олардың үнемі таққа талас – тартыстары, оның үстіне селжұқтардың көтеріліп, билік басына келуі көшпелі түркі ру-тайпаларының құрған ел іргесіне үлкен қауіп төндірді. Қарахандар одан кейін селжұқтар құрған иеліктің билеушілері әскерінің бір бөлігі осы көшпелі түркі ру-тайпаларының конфедерациясынан жасақталған болатын. Осы қызметі және төлеген салықтары (белгілі мөлшерде мал басы) үшін оларға жайылымға және басқа шаруашылықтар жүргізуге жер берілді. Бірақ қарахандар мен селжұқтар әулеттерінің үнемі саяси талас-тартыстары көшпелілердің әскери қызметтегілері мен дәстүрлі шаруашылығына көп зардаптарын тигізді. Әдетте, осы кезеңді зерттеушілердің назарында қарахандар мен селжұқтар әулеттерінің саяси күрестері болады да, саяси оқиғалардың себеп-салдарына белгілі бір дәрежеде ықпал еткен әлеуметтік-экономикалық факторға байланысты шешуші роль атқарған көшпелі түркі ру-тайпаларының іс-әрекеттері тыс қалады. Сондықтанда, бұл мәселені ортағасырлық көшпенділер мен отырықшылықтың ара-қатынасы тарихының «ақтаңдағы» десе де болады.

Бізге белгілі, көшпелі шаруашылық жалпы мемлекеттегі қалалардың гүлденуіне, сауда-саттықтың дамуына, сол кездегі «Ұлы жібек» жолының бұрыңғыдай өркениеттік рөлін қамтамасыз етуіне үздіксіз үлес қосып отырды. Сонымен қоса, көшпелілердің жан басы мен мал басы өсіп, бұрыңғы бөлініп берілген жерлер таршылық етіп, жайылымды кеңейту қажет болды. Мұның өзі сол кездегі отырықшылықтағы жер иеленудің икталық қатынастарын барынша дамытқан қарахандар мен селжұқтар әулеттерінің билеушілерімен саяси-әлеуметтік қайшылықтарға, тіпті тікелей әскери-соғыс қақтығыстарына әкеліп соқтырды. Ол – ол ма, мемлекет билеушілерінің көшпелілермен мұндай қайшылықтарды дұрыс жолмен шеше алмауы сол мемлекеттің ақыр аяғында күйреуіне әкелетін. Дәл осы жағдай селжұқ билеушілері мен көшпелілігі басым оғыз-қарлық ру-тайпалары арасында туындаған саяси-әлеуметтік қарама-қайшылықтар нәтижесінде қалыптасты. Енді осыны сол кезеңдегі тарихи оқиғалар мен нақтылы деректер негізінде қарастырып көрелік.

Зерттеулерде дәлелденгендей, ортағасырлық түркі мемлекеттерінің ең өркениеттісі және дамуы тұрғысынан ең алдыңғы қатарлысы – Қарахандар әулеті мемлекетінің негізін салған қарлық ру-тайпаларының конфедерациясы болатын. Қарахандар мемлекеті өз дамуының гүлдену кезіне жеткен кезде қоғамдағы еңбек бөлінісінің үрдісі жеделдеді және шаруашылықтың дамуы барысында түскен салықтан билеушілер тобы мол байлыққа кенелді. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан түркілерге салық (мараи) мөлшері ұлғайды. Селжұқ билеушілеріне көшпелілер жайылым мен су көздері үшін салық төледі. Бұрын әскери қызметке тартылған көшпелілер енді қатардағы тәуелді, салық төлеушілерге айналды. Сөйтіп, жеңімпаздардың тұқымы мен мұрагерлері және ірі империяның негізін салушылар ендігі жерде өздері бағындырған Хорасан мен Иранның салық төлеуші тұрғындарының қатарын толықтырып, өздерінің бұрынғы еркіндігінен айрылды. Бұл әрине, еркіндікті сүйген көшпелі түркілердің селжұқ империясының әскери- әкімшілік және мемлекеттік фискалдық аппарат жүйесіне үлкен наразылығын тудырды.

Жоғарыда орын алған жағдай халықтың ауызша тарих айту дәстүрінде де орын алған. Мысалы, қилы заманды басынан кешірген оғыздардың тағдыр-талайы Қорқыт Ата кітабіндегі «Басаттың Төбекөзді өлтірген әңгімесінің баянында» көрініс беретінін айта кеткен жөн [8,119-129]. Әңгіме сюжеті Қиян Селжұқтың інісі Басаттың Төбекөзді жеңіп, оғыздар (қарлықтарды кейбір деректерде үш оғыз деп атаған – С. С) мерейін үстем еткені туралы оқиғалардан құрылған. Алғашында оғыздар ішінен шыққан селжұқтар кейін империялық мемлекет құрған Санжар сұлтан өз билігінің соңғы кезеңінде оғыз-қарлық конфедерациясындағы көшпелі ру-тайпаларға қатты қысымшылық (салық мөлшерінің шектен тыс ұлғаюы мен жайылымның тарылуы) көрсетті. Қорқыт Ата кітабіндегі Төбекөз тұлғасы сол кезде селжұқтар империясын басқарған сұлтан Санжар болуы кәдік. Оғыздар атынан Қорқыт Ата Төбекөзге барып, салық мөлшерін азайтуға келісім жасасуға тырысады. Салық түрі жазба деректердегідей мал басымен (қой) белгіленген. Сонымен қатар, жазба деректерден бір артықшылығы Қорқыт Ата кітабында көшпелілердің сұлтан әскеріне ер адамды беру міндеткерлігі де аталған.

Кітап сюжетінде: «жайылымына оғыз елін қондырмады», «оғыздарға салық салды», билеушілерге «төрт ұлы бары бірін берді, үшеуі қалды. Үш ұлы бары бірін берді, екеуі қалды» - деген



деректер кездеседі. Санжар сұлтанның жанындағы әскердің дені көшпелі оғыз-қарлықтардан құралғанын жазба деректерден білсек, онда белгілі бір мөлшерде ер адам басын сұлтан әскерінің қатарына беру көшпелілерге де міндеттелінгенін байқауға болады. Көптеген жазба деректерде Санжар сұлтан билігі кезеңінде оғыз-қарлық конфедерациясындағы көшпелі ру-тайпаларды Коркут пен Тути бек басқарғаны белгілі. Жазғандарымыз дәлелді болу үшін XII ғасырда Иран, Ауғанстан және Орта Азияға саяхат жасаған Вениамин Тудельскийдің қолжазбасында «парсы патшасының кәпір түріктер мен гуздарға жорығы» («кәпір» деген бұл жерде конфессиональдыктан гөрі саяси мәнге ие болу керек. Өйткені Санжар сұлтан тұтқынға түсіп, одан қашып шыққаннан кейін, мұсылман билеушілеріне арнаған хатында өзінің «түркмен мәлік-кафирлердің» қолынан босанып шыққандығын жазған [9, 460]. В. Тудельскийдің саяхатнамасында Санжар сұлтан орсан зор қолымен шешуші шайқасқа бірден түспеген оғыздардың соңына түсіп, әбден титықтап, бұрын Анбар қаласы болған өлке мен Гирзуван таулы аймақтағы иудей дініндегі елді мекенге орналасқан жерде тынығуға тоқтайды. Мұндағылар, бұрыннан оғыздармен туыс-жақын қарым-қатынаста болғандықтан, Санжар сұлтанның әрбір қадамын оғыздарға хабарлап отырған. Ақырында, сол өңірдегі тау шатқалындағы тар өткелде Санжар сұлтанның әскерін тосыннан шабуылдап, үлкен шығынға ұшыратады. Сұлтанның өзі азғана әскерімен қашып құтылады. Шайқас болған өңірде ежелден иудей дініндегі халықтар тұратындығы тарихи деректерде кездеседі [10,171]. Онда Анбар мен бірге Басит округі бірге иудей дініндегілер мекені ретінде аталады. Осындағы Басит Қорқыт Ата кітабындағы Басатпен сәйкестендірудің жөні бар. Аталған өлкелердегі елдің көмегімен оғыздардың Санжар сұлтанды жеңу мүмкіндігіне ие болғандықтан да Басатты батыр тұлға ретінде кітапқа енгізген. В. Тудельскийдің жазбалары өткен ғасырдың 30-шы жылдарында-ақ Батыс Еуропа тарихнамасының айналымына енгенімен әлі де зерттеушілер назарына толық ілінбегендігін айта кету керек. Оғыз-қарлық конфедерациясындағы көшпелі ру-тайпалар мен селжүк сұлтаны Санжар арасындағы қанқұйлы оқиғалардан көшпелілердің еркіндік пен тәуелсіздігі және елдігін сақтап қалудағы жанкешті күресі көрініс береді. Мұндай жағдай ел есінде елеусіз қалмас-ты. Сондықтан да ол Қорқыт Ата кітабының бір жыры болып қалған. Мұның өзі тарихта әлденеше рет қайталанғанындай, көшпелілердің басты мұраты

– мәңгі ел, мәңгі еркіндік пен тәуелсіздік болып қала беретіндігін тағы да айшықтады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды, көшпелілер мен отырықшылығы аралас ортағасырлық мемлекетте қоғамның белгілі бір дамыған кезеңінде жер иеленуші отырықшыл қауым мен мал шаруашылығымен айналысатын көшпелілер арасында жер үшін бәсекелестік туындайды. Егер мемлекетті басқарушылар бұл мәселені дұрыс шеше алмаса бәсекелестіктің арты саяси қақтығыстарға ұласып, мемлекеттің әлсіреуіне және аталған шаруашылық түрлерімен айналысушылардың бір-бірінен бөлінуіне алып келеді. Дәл осындай жағдай Қарахандар мемлекетінде орын алып, көшпелілігі басым рулардың бөлінуіне, сөйтіп, олардың өздерінің тәуелсіз хандықтарының пайда болуына алып келді. Нәтижесінде, Шыңғыс хан жорығының алдында Қарахандар мемлекетінен бөлініп шыққан, негізінен жартылай көшпелі қарлықтардан тұратын Қаялық, Хазар-қарлық және Алмалық хандықтары пайда болған еді. Алайда, бұл хандықтардың өзіндік тарихнамасы болмағандықтан тарихта «ақ таңдақ» ретінде қалып отыр. Бірақ анығы сол, келешекте құрылатын Қазақ хандығына осы аталған хандықтар саяси-этникалық, мемлекеттілік және мәдени тұрғыдан негіз болды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақынжанов Н. *Қазақтың тегі туралы*. А., 1957.
2. Кабышұлы И. *Керейлер керуені*. Баян-Өлгий, 1978.
3. *«Худуд ал-алам»*. Рукопись Туманского, изд. С введением и указателями В.В. Бартольда. Л., 1930.
4. *Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін*. 4 томдық. Алматы, «Атамұра». 1996.
5. Pritsak O. *Karahanlılar maddesi*. // IA, Istanbul, 1933.
6. Әл-Масуди. *Китаб ат-танбих вал-ишраф*. М. S Goeje, Lugduni-Batavorum, 1894 (BGA, VIII).
7. Sadruddin Ebul Hasan. *Ahbar-sd Devlet-is selcukiye* //ТТК. Ankara, 1943.
8. *Қорқыт Ата кітабы*. Түрік тілінен аударылған. Алматы,-1994.
9. Көймен М.А. *Büyük Selçuklu İmparatorluğu Tarihi*. Cilt. II, Ankara, 1954.
10. Сиасет-намэ. *Книга о правлении вазира XI столетия Низам аль - Мулька*. М. – Л., 1949.

ӘОЖ 811.512.1

**ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ТҮРКІТАНУШЫЛЫҒЫНЫҢ  
БАСТАУЛАРЫ**

**TURCOLOGICAL RESEARCH OF OLZHAS SULEIMENOV**

**Д. СӘТБАЙ\***

**Резюме**

Мақалада автор ақын, ғалым және қоғам қайраткері О.Сүлейменовтің түркітануға қатысты, соның ішінде ортағасырлық тарихи, әдеби ескерткіш «Игорь полкі туралы жырды» зерттеу барысындағы еңбектеріне талдау жасаған.

**Кілт сөздер:** Тілтану, түркітану, ескерткіш, О.Сүлейменов, «Игорь полкі туралы жыр».

**Summary**

The research facet of creativity of O.Suleymenov as a poet, a scientist and a public figure of Kazakhstan is considered in the article "Olzhas Suleimenov as Turcologist". It is noted that O.Suleimenov made a great contribution to the study of medieval historical literary monument "The Lay of Igorev", declaiming stereotypes on this problem.

**Keywords:** Linguistics, Turcology, monument, O. Suleimenov, "The Lay of Igorev".

О. Сүлейменов Мәскеудегі М. Горький атындағы уникальды әлемдік әдебиет институтында оқып жүргенде профессор Сидельниковтен алған ғылыми зерттеу «Игорь полкі туралы жырдағы» «тюркизмдер» - тақырыбын таңдап алған еді. Елге оралғанда оны тамаша түркі-славист профессор Х. Х. Махмудовтың жетекшілігімен жалғастырады. 1962 жылдан 1975 жылға, яғни «Аз и Я» шыққанға дейінгі аралықта ақын «Жыр» мен Түркітануға қатысты оннан астам мақалалар шығарды [1]. Бұл мақалалардың деректік, бағдарламалық маңызы сонда, біз ақынның болашақ зерттеу жұмыстарының қай бағытта өрбитіндігін, потенциалдық мүмкіндіктерін, негізгі әдіснамалық құралдарын, зерттеу жұмыстарының деректік көздерін бажайлай аламыз. «Жырға» қатысты мақалалары Орталықтағы зерттеушілердің назарына ілігіп отырғандықтан, біз - сұңғыла да бес аспап жаңа зерттеушінің пайда болғанының куәсі боламыз. Мысалы, «Көшпенділер және Русь» атты алғашқы мақаласында (1962) О. Сүлейменовті ең бірінші кезекте «Жырдың» мәнерлі құралдар

---

\*

тарих ғылымдарының докторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда-Қазақстан.

Doctor of historical sciences, Professor, Kyzylorda state University Korkyt Ata, Kyzylorda-Kazakhstan.

жүйесі мен көзге көрінбейтін тюркизмдері, Көшпенділер мен Русь тарихының ара-қатынастары қызықтырады. Ақын мақаласында екі қатар сөзді және ұғымды - «кощей», «кощиево», «нечистая сила» - арнайы филологиялық талдауға алады. «Кощей», «Кощиево» сөздерінің төркінін қазақтың «көш», «көшу» сөздерімен байланыстырады. Ал, төңкеріске дейінгі көрнекті зерттеушілер, олардың ішінде атақты Мелиоранский де бар: «кощей» сөзін далалықтардың және көшпенділердің жинақтаушы атауы ретінде алып, оларды «зұлмат күш» (нечистая сила) тұрғысынан түсінді. Сөйтіп «кощейді»: - «құл», «қызметші», «арбакеш», «жол серік», «көмекші» екінші сортты әлеуметтік нәсілге жатқызатын. Тәжірибелі мамандар, тіпті, орыстың атақты аңыздық «Кошей Бессмертныйдың» аты неге олай аталатынына да назар аударған жоқ. Зұлымдық пен зұлмат күштің символы «арбакеш» немесе «құл» болуы тиіс емес қой. О. Сүлейменовтің ойынша, «Жырдың» мәтінінде бұл сөз алғашында қорлау мағынасында қолданылып тұрған жоқ және ғалымдардан айырмашылығы «Жырдың» авторы бұл сөзді ол мағынада қолдана алмайды да. Ол түпнұсқада «көшпелі», «көшпенді» мағынасында, яғни саяси қатпарсыз қолданылып тұр.

Қазақтың «көш» сөзінің орыс тілінде сол қалпында сақталынып тұрғанын көре білуіне О. Сүлейменовті табиғи терең қостілділігі мен ақындық интуициясы жетелеп отырғанын аңдау қиын емес. «Қаратаудың басынан көш келеді, көшкен сайын бір тайлақ бос келеді» өлең жолдары қай қазаққа болса да мол ассоциация беруге қабілетті. «Сол кезде мен тұңғыш рет орыс тіліне деген саналы құрмет сезіміне бөлендім. Тілді жасаған халықтардың тілдік қолданысынан шығып қалған сөздерді, ежелгі түркі сөздерінің формасы мен мәнін сол қалпында дерлік сақтай білуге қабілеттілігі үшін. Шығыс славяндардың сөйлеу аппараты түркі үндестіктерін, әсіресе соңғы тілдік, яғни жуан дыбыстыларды өзгертпей дерлік қайта өндірді... Тюркизмдердің орыс тілінде сақталғандығының арқасында мен ежелгі қазақ және татар жұрнақтарының қалай аталғанын білдім, - деп еске алады О.Сүлейменов, - «Москвада оқыған жылдарымда Ленин кітапханасынан шыққаным жоқ. Қазақ сөздерінің көнелігін растайтын жаңа куәландыруларды үстін-үстін табумен болдым. Көптеген түркі тілдерінің жолы молынан болған екен. Орта ғасырлық түрік, азербайжан, ұйғыр, өзбек, татар жазбалары орта ғасырдың ұлы жазба ескерткіштеріне еніпті. Қазақтардың жайылым үшін күреспен

аулыққаны сондай өздерінің тарихта бар екенін білдіретін жазба куәліктер қалдыруға мұршалары болмапты. «Кошея» сөзіне кезіккенімше, ауызша сөздің мерзімі көрсетілмеді, сөйтіп Евразия бойынша көршілердің тілі қазақ сөзінің жас мөлшерін белгілеуге көмектесе алатындығын түсіндім» [2, 201-203].

Бұдан кейінгі бірнеше мақаласында О.Сүлейменов «Жырдағы» тас түйін мәселелердің бірі «харалужный» сөзін этимологиялық талдауға алады. 1963 ж. «Тмутаракань. Харалужные. Карня Жля» атты мақаласында ақын оны түркі ауыз әдебиетінде үлкен қылыш мағынасында қолданылатын «қара қылыш», «харалуж» сөздерімен байланыстырады. О.Сүлейменовтің ойынша, «Жырдың авторы оны осы мағынада еркінен тыс қолданған болуы мүмкін. Бірақ кейінгі мақалаларында автор өзінің бұл болжамынан бас тартып оның жаңа нұсқасын ұсынады. Өте қызықты дәлелдер жүйесін қолдана отырып «Жырдағы»: - «авар сауыттары», «литва сауыттары», «хин оқтары», «ляцк лақтырғыштары», «литва қылыштары» («шеломы аварские», «шеломы литовские», «стрелы хиновские», «сулицы ляцкие», «мечи литовские») т.б. тіркестерге тоқталады. Осы халықтардың қайсысы «харалужный» атауымен аталуы мүмкін деп зерттеушілерге ойтамыздық тастайды да өзі олардың ешқайсысына тоқталмай жаңа болжамын ұсынады. Ол бойынша «карляжные», «харалужные» сөздері - ежелгі орыстың «карлязы» сөзінің диалектілік формасы. Ежелгі Русьте «карлязы» деп Францияны, француздарды атаған. Демек, «харалужный қылыштары» - «француз қылыштары» болуы әбден мүмкін. О.Сүлейменов дәлел ретінде «Жыр» мен одан үш ғасыр кейін жазылған орыстың келесі бір ортағасырлық әдеби жазба ескерткіші «Задонщинада» кездесетін эпитеттерді салыстырады. «Задонщинаның» авторы «харалужный» терминін «фрянсь» деп аударады, «харалужный найзаларын» - француз найзалары деп нықтай түседі. Айта кететін жәйт, О.Сүлейменов жәдігерліктегі сөздерді талдағанда, олардың әрқайсысының қолданылуы жағдайларын да ескеріп отырады. Әрине, бұған қатысты О.Сүлейменовтің барлық болжамдарын үзілді-кесілді қабылдауға болмас. Бірақ мәселе болашақ зерттеушілер үшін қаншалықты ойтамыздық тасталып отырғандығында.

Зерттеушілердің көпшілігі «Жырда» кездесетін «босый», «бусово», «Скочи съ него босым вльком» немесе «поють время бусово» сөздерін IV ғасырда Солтүстік Қара теңіз жағалауын мекендеген славяндардың арғы тегі деп алынған ант тайпасының көсемі Бус, Божа корольдің есімімен байланыстырады [3, 115-320]. Ол

готт тайпасының көсемі Амал Винитарийдің қолынан қаза тапқан. Сондықтан зерттеушілердің көпшілігі «Жырда» айтылатын «готт қыздары» «Бустың заманындағы» жеңістерін аңсап жырлап отыр деп есептейтін. Алайда, О.Сүлейменовтің ойынша, XII ғасырдан тым әріде болған оқиғаның «Жырдағы» оқиғаларға ешқандай қатысы жоқ. «Жырдың» авторынан басқаларының оларды білуінің өзі күмәнді... 1962 ж. «Босый волк и напевы готских дев» атты мақаласында О.Сүлейменов «босый», «бусово» сөздерін қазақтың «босу», «босқын» - халықтардың жаппай қашып үдере көшу, босқынға айналу мағынасында түсіндіреді. О.Сүлейменовтің түсіндіруінде «гот» этникалық атау емес: скифтердің, печенегтердің, қыпшақтардың жиынтық атауы. Гректер олардың барлығын жиынтық атаумен «готтар» деп атаған. «Жырдың» авторы «гот» терминін гректік дәстүрмен көшпенділерге қатысты қолданылып отыр. О.Сүлейменов «гот» терминін осылайша қабылдай отырып, оны бүтіндей бір халықтар мен тайпалардың жаппай босуы, босқынға айналуымен байланыстырады. Ақын жырдағы:

«Готские красные девы выпеша  
На бреже Синему Морю,  
Звоня русским златомъ,  
поют время Бусово

лелеют мечь Шароканю» - деген жыр жолдарын былайша түсіндіреді: 1106 ж. Рустің князі Владимир Мономах қыпшақ ханы Шаруканды талқандап, елдің тоз-тозын шығарып босқынға айналдырған. Гот-қыпшақтың ару қыздары сол заманды мұнды әуенге қосып отыр. Ал сол Шаруканның немересі Артықтың баласы - Кончак Русьпен соғыста жеңіске жетіп, сол жеңілістің кегін қайтарғандықтан: гот-қыпшақ арулары оны жырға қосып әндетуде. Сондықтан IV ғасырдағы ант князі Бустың бұған еш қатысы жоқ. Сонымен О.Сүлейменовтің пайымынша, «Жырдың» арқауы IV ғасырдың оқиғалары туралы емес XII ғасырдың нақты оқиғалары жөнінде болып отыр.

Аталмыш мақаласында О.Сүлейменов «Жырдағы», «посуху», «шерешіры» сөздеріне қатысты да өз болжамдарын жол-жөнекей айта кетеді. Зерттеушілер оны парсы тіліндегі қамал бұзар қару катапулт - «Тир и Черх» пен байланыстыратын. Алайда, О.Сүлейменов «тир и черх»тың XIII ғасырдың жазба деректерінде Шыңғысхан жорықтарына қатысты ғана кездесетінін нық дәлелдей кетеді. Оның өте сақ жорамалы бойынша «шерешіры» сөзінің қаруға еш қатысы жоқ. Олар

Шарукан ұрпақтары болуы мүмкін. О.Сүлейменовтің «Босқын бөрі және гот қыздарының «әуені» атты мақаласы қаншалықты даулы тұжырымдарына қарамастан негізгі бір мәселенің шешімін табуға жәрдемдесті. Атап айтқанда «шерешіры» сөзінің қаруға ешқандай қатысы жоқтығына байсалды дәлелдер келтіреді.

О.Сүлейменовтің өзіне тән ғылыми ізденістік ыждаһаттылығы мен шеберлігі 1968 жылдың 28 қыркүйегінде «Литературная Россия» газетінде жарияланған «Каяла өзені қайда?» мақаласынан да көрінеді. О.Сүлейменов - өзеннің қыпшақтық атауы «орыстану сатыларынан өтті және жаңа сапада Азов төңірегіннің картасында бар» деп түйеді. Бірақ, ондай өзен қазір атымен жоқ. Себебі, автордың ойынша бұл сөздің бастапқы атауы «Су - каяла» болуы тиіс. Өйткені, түркі тілдерінде гидроним «өзеннің аты + детерминативі» схемасы бойынша құрылады. Сондықтан түркілік Су - каяла сөзі өзенді білдірмейді, ол бір арнаға құйылып жатқан екі өзеннің арасындағы кеңістікті білдіреді. О.Сүлейменовтің ойынша, бұл атау «Жырдың» мәтініне Каяла өзені ретінде кіріп кеткен және орыстың тілдік ортасында бұл тіркес халықтық этимология үрдісімен басқаша ажыратылған: Суха-ялы-сухыялы-сухие ялы. Әрі қарай каяла атанғаны белгілі болып тұр. О.Сүлейменовтің мақаласында айтылған бұл болжамдар кезінде Азов төңірегіндегі жергілікті өлкетанушылар тарапынан қызу қолдауға ие болған еді. Жоғарыда айтылған гидронимдер төменгі Дон аймағынан табылып отыр.

Осы жылғы республикалық «Простор» журналының № 9 санында жарияланған «Синяя мгла и Синие молнии» мақаласында О.Сүлейменов жаңа зерттеушілік қырынан жарқырай көрінеді. Автордың теориялық және әдіснамалық жаңалығы сонда, ол «Жырды» образдық-бейнелілік жүйесі, оның поэтикалық ерекшеліктері тұрғысынан зерттейді. «Синяя мгла» тіркесіндегі «синий» сөзіне заттың түсін білдіріп тұрғандықтан, әдетте зерттеушілер назар аудармайтын. Ал «мгла» сөзін: «тьма», «туман», «туча», «облако» мағыналарында түсінетін. О.Сүлейменов бұл мәселеге кенет басқа қырынан келеді. Ақын бұл зат есімдердің бірде біріне «синяя» («көк») эпитетін қолдануға болмайтынын алға тартады. Ежелгі орыс тілінде де ондай эпитет жоқ. Екіншіден, ортағасырлық поэзиялық дәстүрде ой да, заттың түсі де ашық білдіріледі, екіұштылық, үстірттік немесе екіұдайылық дегенді білмейді. Демек «көк қараңғылық», «көк түнек», «көк найзағай», «көк тұман» сияқты тіркестердің болуы мүмкін емес. Ақынның ойынша, зерттеушілер «синяя мгла» сөз тіркесіндегі зат есім

«мгла» сөзімен шектеліп қалмай, керісінше сын есім «синий» сөзінің мағынасына мән беруі керек. О.Сүлейменов «Жырдағы» осы бір сын есімнің барлық қолданылуы аясын зерттей отырып («синее море», «синие молний», «синяя мгла») бұл сөздердің поэмада басқа мағынада қолданып тұрғанын ашты. О.Сүлейменовтің пікірінше, бұл сөздер бүгінгі «көк», «көгілдір» мағынасында қолданылып тұрған жоқ. Неғұрлым көне, бүгінде ол мағынада қолданылмайтын: «сияющий, сверкающий, искрящийся, блестящий, яркий» мағынасында қолданылып тұр. Сондықтан «көк теңіз» , «көк найзағай емес», «жалтыраған теңіз», «найзағай жарқылы» болып оқылуы тиіс. Ал «синяя мгла» сөзі «Жырдың» түпнұсқасында болды ма екен?» деп О.Сүлейменов заңды сұрақ қояды. Автор - бұл орайда тарихи фактілерге, жылнамалық куәліктерге, сөздің ежелгі формалары мен мәніне, мәтініне, кейбір палеографиялық мәліметтерге сүйене отырып кейінгі ғасырлардағы «Жырды» көшірушілердің қателіктеріне назар аударады. Соны болжамдар мен тың фактілердің ұзын-ұрғасын көрсетеді. О.Сүлейменовтің бұл мақаласының маңызы «Жырдың» көнелігін, түпнұсқалығын растауға сүбелі үлес қосқандығында.

1968 ж. О.Сүлейменовтің «Жорамалдауға бейіммін» [4] мақаласынан оның «Жырды» зерттеу барысында жаңа ғылыми ізденістік биіктікке шыққандағының куәсі боламыз. Автор дүниежүзілік тарихтың іргетасты мәселелеріне қарай ойысып өте қызықты жорамалдар жобасын жасайды. Автордың жорамалдары мынаған келіп саяды: біріншіден, бұған дейін әлемдік тарих ғылымында этникалық жағынан біртұтас деп есептелетін этрускілер бір тілді халық болған жоқ. Этрускі федерациясында басқа халықтармен бірге түркі және славян тілдес халықтар болуы мүмкін. Мақалада үш мәтін талданады. Екіншіден, О.Сүлейменов Этруриядан табылған ойын сүйектерінің жиегіндегі «и-ва-ест-орти-канус-уолоте» сөздерін талдауға жаңа қырынан келеді және онысы мейлінше нанымды шығады. Этрускологтар бұл тіркестердегі алғашқы әріптен кейінгі әрбір сөзге бір әріптің қосылып отырылғандығына назар аударған еді. Бұл сандардың атауы - әрбір әріптің саны белгілі бір санның символы деп есептелінетін. Бірақ сөз мағынасы жұмбақ қалды. О.Сүлейменовтің ойынша, этрускі жазғыштары «и-ва-ест-орти-канус-уолоте» сандық реті үшін бұрын түркі ойын сүйектеріндегі жазу дәстүрінде бар - «вар-ика-ес-торт-икаиус-уолоте» тіркестерін пайдаланған. Осындай әріптік-сандық принципті қарадүрсін



механикалық қолданудың нәтижесінде ол: и-ва-ест(т)орт(и)-каиус, уолоте-ге айналған.

О.Сүлейменов мұндай сәйкестікті кездейсоқ деуге болмайды деп есептейді. Сондай-ақ IV ғасырдағы Скандинавия руна жазуларына қатысты да соны пікірлерін жол-жөнекей айта кетеді. Оның ойынша, зерттеушілердің көпшілігінің оның түп тамырын бүгінгі Скандинавия елдері - швед, норвег, дат, фин т.б - халықтарының тілдерінен іздеумен шектелу дұрыс емес. IV ғасырда ғұндардың да Скандинавияға дейін барғаны тарихтан белгілі. Ақынның келесі бір болжамынан туындайтын ой түрткісінен «Қыш кітаптан» асып түскен фантазияға кенелеміз. Автор тарихи дерек атауынан мүлде жұрдай адамзаттың тарихқа дейінгі - Кіші адамзат дәуіріне өзінің ғана қолында бар құралдарымен бойлайды. Ақынның өзі айтқандай «адамзаттың табиғи тіл дәуіріне қатысты қазіргі ғылым үшін фантастикаға толы болжамдарын ұсынады. Адам тілінің алғашқы қатпарлары жануарлардың атауынан тұрды деген болжам айтылады. Тасқа қашалып бейнеленген мүйіз «бұқаны» білдірсе, төңкеріліп түскен мүйіз «сиырды» немесе «өлген бұқаны» білдіреді. Олжастың поэтикалық философиясы бойынша, жануарлардың атауы, осы жануарларды бейнелейтін таңбаларға ауыстырылғанда, сөз жасамының алғашқы қадамы басталған. Адам жер-жаһанға тарай орналасты. Олармен бірге ең алғашқы бір жерде пайда болған таңбалар мен белгілер - атауларымен бірге таралды. Бұл процеске қоршаған ортадағы басқа да ұқсас заттарды бейнелеу де тартылды. Ақынның жорамалынша, бір бірінен өте алыс тілдерді салыстырудың мүмкін болуы осы - **Бастаудан** басталады. Осылайша, осы жорамалымен О. Сүлейменов кеңестік тілтанудың атасы Н. Я. Маррдың тілдің глоттогониялық процесс (көмейлік) туралы қағидасына қарсы келген еді.

О. Сүлейменовті жақсы білетін зерттеушілердің көпшілігі оның немен айналысса да әрбір әрекеті, іс-қимылына айрықша мінез, ерен қылық тән екенін атап көрсетуден жалықпайды. Ақынның 1962 жылдан бастап республикалық «Простор» журналында және 60-жылдардың екінші жартысынан Орталық басылымдарда «Жырға» қатысты жарияланған мақалалары, атақты академиктер В. Ф. Соболевский [5], В. И. Стеллецкий [6], И. Г. Добродомов [7], А. Югов [8] және т.б. белгілі зерттеушілер тарапынан да қызу пікірталастартуызып, қоғамдық және ресми сипат алды. Қазіргі оқырмандар үшін айта кететін жәйт, кеңестік ғылым жағдайында белгілі академиктердің ешқандай

ғылыми атағы жоқ, қарапайым геолог-ақынның мақалаларына жарыса үн қосуының өзі тосын жағдай еді. Тіпті, ғылым докторларының диссертациялары, жекеленген монографиялары да мұндай пікірлер легін тудыра алмайтын. Бұл, әрине, «Жырдың» жаңа зерттеушісі ізденістерінің сонылығы мен көзқарастарының кеңдігінен еді.

Мысалы, В. И. Стеллецкий «бусово время» («босқын уақыт»), «гот», «напевы готских дев» («гот қыздарының әуендері») тіркестері бойынша О. Сүлейменовпен толығымен келіседі. Бірақ «босый» сөзін «босый волк» немесе «босови врани» тіркестерін де түсіндіргенде Стеллецкий оны «босу» сөзімен емес түркілік «бос» (ежелгі орыс тілінде де «бось - дьявол») сөзімен байланыстырады. Алайда, осы тұста Сүлейменовті В. Ф.Соболевский қолдайды. 1963 ж. «Простор» журналының №5 санында В. Ф. Соболевскийдің «Игорь полкі туралы жырдағы» Гот қыздары» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Бұл О. Сүлейменовтің «Босқын бөрі және гот қыздарының әуендері» мақаласына жауап мақала еді. Автор «О. Сүлейменовтің «босу» ұғымына қатысты терең және өте қызықты лингвистикалық ізденістері «босый волк» сөзін түсіндіргенде оның бірінші бөлімі ғана бағалы» деп атап көрсетті, яғни Соболевский «время бусово» пікірлеріне қатысты О.Сүлейменовтің түсіндірмелерін қабылдамайды. Соболевский - Сүлейменовтің басқа да көптеген пікірлерді жаңа тұрғыда түсіндірулеріне қарсы уәж айтады. Бұған итермелеген Соболевскийдің «патриотизмі» еді. Дегенмен автор: «Жырды» зерттеу ісіне соншалықты жарқын да терең араласқан Сүлейменовтің ізденістерін және зымырап өтіп кеткен ғасырлардың қойнауына жаңаша қарауға мүмкіндік беретін біздің бауырлас қазақ тілін шын ниетпен қолдау керек. Оның ізденістері «Жыр» туралы зерттеу әдебиеттерін одан әрі, жаңа, әзірге жасырын жатқан материалдармен, оның ішінде қазақ, парсы, черкес және т.б тілдердің арасындағы материалдармен де байыта беруге болады деуге мүмкіндік береді. Бұл факті айрықша елеулі, өйткені қазірдің өзінде «Жырды» зерттеу «барлық материалдар пайдалынылып болғандықтан» тұйыққа тірелді дегенге саятын сарыуайымды үндер естіле бастады» [5, 226] деп мойындауы - «Жырды» зерттеуге қатысты дағдарыстық көріністерден хабардар береді.

Өкінішке орай, «бір шөкім тюркизмдер», «тюркизм дейтіндер» деген кекесінді тіркестерді қолданған «Жырдың» қарт зерттеушілерінің бірі А. Югов «Комсомольская правданың» 1968 ж.

23 қарашасындағы «Болат сынаның құпиясы» атты мақаласында: - «бір шөкімдей түркизмдердің табылуы өте елеулі факт. О. Сүлейменовтің «Көрінбейтін сөздер» - «Білуге құмарлық» мақалаларында осындай олжалар және олардың кең оқырман қауымы үшін маңызы туралы айтылады, сондықтан оларды құптау керек» - деп айта келіп, ең бірінші кезекте «XI-XV ғасырлардағы орыс қылыштарының батыс европалық тегі болғандығы» туралы О. Сүлейменовтің болжамдарымен келіспейді (әңгіме «Харалужные» сөзінің төркіні туралы болып отыр - Д.С.). Дегенмен автор, зерттеушінің өз қателігін мойындай білерлік ер мінезді қасиетінде атап көрсетеді [8].

О. Сүлейменовтің зерттеулеріне орай жазылған мақалалардың бірі 1968 ж. «Русская речь» журналының №6 санында жарияланған И. Г. Добродомовтың «Половцы и поля» атты мақаласы болды. Авторды О. Сүлейменовтің «половец» сөзі мен «Жыр» мәтініндегі көшірушілердің «қателерін» еркін оқуы, тарқату әрекеттері ызаландырады. Түркі тілін сөздік деңгейінде ғана білетін «түркітанушы» барлық түркі тілдерінің атынан сөйлей отырып, ғылыми әдебиетте таптаурын болған ескі дәйектерді алға тартады. Мақаласының соңында И. Г. Добродомов: «Игорь полкі туралы жырдың» тіліндегі шығыс сөздері сияқты маңызды да ірі тақырыптың «Комсомольская правда» газетінің беттерінде жеткілікті біліктіліксіз жарыққа шыққаны өте өкінішті» [7, 233], – деп орынсыз наразылық білдіреді.

Түйіндей келгенде, 60-жылдары О.Сүлейменов түркітануға қатысты соны мақалалар жариялап, мәселеге жаңа қырынан келді. Оның ғылыми мақалаларының сипаты мен мазмұны, оның осы жылдары - славист, түркітанушы, тарихшы, әдебиеттанушы, жаңа тұрпатты талантты лингвист ретінде әбден қалыптасқандығын көрсетеді. Дағдарысқа ұшырай бастаған «Игорь полкі туралы Жырды» зерттеу ісіне жаңа серпін берді. Ол өзінің «Аз и Я»-сына баяу да болса, дұрыс бағытта жылжып келе жатты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сүлейменов О. *Кочевники и Русь* // Простор. – 1962. – № 10. – С. 107-109.; *Босый волк и напевы готских дев* // Простор. – 1962. – № 11. – С. 108-112.; *Тмутаракань. Мечи харалужные. Карна Жля* // Простор. – 1963. – № 6. – С. 99-102.; *Слово о полку Игореве* // Литературная газета. – 1963, декабрь – 24.; *Синяягла и синие молнии* // Простор. – 1968. – № 9. – С. 80-93., «Невидимые слова», где река Каяла. Литературная Россия. 1968, сентябрь - 20., *О языке некоторых этрусских надписей. Лингвистические этюды* // Простор. – 1968. – №5. – С. 69-75.;

- Серебрянные писмена золотого воина: о древнетюркских письменах V-VIII вв*  
// Техника молодежи. – 1971. – № 7. – С. 58-68.
2. Қожақиева Ш.Т., Қуздебаева А.Б., *Русская литература*. - Алматы: Мектеп, 2007. – 448 с.
  3. Иордан. *О происхождении и деяниях гетов*. Институт истории и Институт славяноведения АН СССР. - М.: Восточная литература, 1960. – 405с.
  4. Сулейменов О. *Склонен к предположению* // Простор. – 1968. – № 5. – С. 69-75.
  5. Соболевский В. Ф. *«Готские девы» в Слово о полку Игореве* // Простор. - 1963. - №5;
  6. Стеллецкий В. И. *Слово о полку Игореве*. – М., Просвещение, 1965.
  7. Добродомов И. Г. *Половцы и поле*. // Русская речь № 6.
  8. Югов А. *Тайна стального клинка* // Комсомольская правда. – 1968, ноябрь 23.

**KAZAKİSTAN'DA DÜNDEN BUGÜNE TARİH EĞİTİMİ**  
**HISTORY EDUCATION IN KAZAKHSTAN: PAST AND TODAY**

Telli KORKMAZ\*

**Özet**

Eğitimin bir parçası olan tarih öğretimi, diğer bilimlerden farklı olarak insan düşüncesinin, algısının, kültürünün ve sahip olduğu maddi-manevi değerlerinin oluşmasını sağlamaktadır. XIX. yüzyıldan itibaren Rus esaretinde yaşayan Kazaklar, her alanda olduğu gibi tarih eğitiminde de Rus eğitim ve kültürünün etkisinde kalmıştır. Bunun yanında, değişen ideolojilerin getirdiklerini de göz ardı etmemek gerekir. XX. yüzyılın evvelinde Sovyetler Birliği içerisinde yer alan Kazakistan, Sovyet sisteminin uyguladığı tarih yazımı ve öğretimi kurallarına uymak zorunda kalmıştır. Türk halklarının ortak tarihini oluşturan Sakalar, Hunlar, Göktürkler gibi eski Türk devletleri Sovyet Kazakistan'ında uygulanan tarih ders kitaplarında yer almazken bağımsızlık sonrasında yeni araştırmalara da yer verilerek anlatıldığı saptanmıştır. Ayrıca Kazakistan tarihinde çok önemli yerleri olan Kenesari direnişi, Alaş Orda yönetimi, 1932-1933 açlık yılları vs. gibi tarihi olaylar Kazakistan'da tarih ders kitaplarında haklı yerini alarak objektif bir şekilde öğretilmektedir. Lakin bunun yanında, Sovyet dönemi ile bağımsızlık döneminin tarihçilik anlayışlarındaki farklılıklardan doğan çelişkilerin aradan geçen 25 yıllık zamana rağmen tamamen bertaraf edilemediği de görülmektedir.

Çalışmamızda Kazakistan Cumhuriyeti'nde bağımsızlıktan önce ve sonra uygulanan tarih eğitimi karşılaştırılarak bu süreçte yapılan değişikliklerin üzerinde durulacak, ayrıca ortak Türk tarihi açısından değerlendirmeler yapılacaktır.

**Anahtar Kelimeler:** Tarih Eğitimi, Türk Dünyası, Kazak, Sovyet Sistemi, Ortak Türk Tarihi, Kazakistan.

**Summary**

History teaching, which is a part of education, provides the formation of human thought, perception, culture, and material-spiritual values, unlike other sciences. XX. It had to comply with the historiography and teaching rules applied by the Kazakh Soviet system in the Soviet Union. Old Turkic states such as Sakalar, Huns and Göktürks, which make up the common history of the Turkic peoples, were found not to be included in the history textbooks applied in Soviet Kazakhstan, but after the independence, new researches were also mentioned. In addition, the Kenesari resistance, which constitutes the important events of the history of Kazakhstan, Alash Orda Administration, 1932-1933 Years of Hunger, etc. Are taught objectively in Kazakhstan history textbooks. In addition to this, it can be seen that the contradictions arising from the differences in the Soviet period and the historiography of the independence period can not be totally eliminated in spite of the past 25 years. In our work we will compare the history education applied before and after

\* Yrd. Doç. Dr. Hacı Bektaş Veli Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi Tarih Bölümü Öğretim Üyesi.

independence in the Republic of Kazakhstan, also Common Turkish history Evaluations will be made.

**Key Words:** History Education, Turkic World, Kazakh, Soviet System, Common Turkic History, Kazakhstan.

### Giriş

Türk Cumhuriyetleri geçtiğimiz sene bağımsızlıklarının 25. yılını kutladılar. Çeyrek asırlık bağımsızlık yılları bu ülkeler için aynı zamanda bir değişim süreci olmuştur. Yönetim, ekonomi, kültür, sanat, sosyal yaşam, eğitim, teknoloji, ilim vs. gibi alanlarda yaşanan değişimler ve gelişmeler göğsümüzü kabartmaktadır. Bu değişimler doğal olarak tarih ilmi ve tarih öğretimi alanlarında da göze çarpmaktadır. 1917 Ekim Devrimi'nden ve Sovyet cumhuriyetlerinin oluşumundan sonra bütün SSCB ülkelerinde benzer içerikli Marksist-Leninist ideolojiye sahip bir tarih öğretimi söz konusu idi. Türk halklarının ortak tarihini oluşturan Sakalar, Hunlar, Göktürkler gibi eski Türk devletleri neredeyse müfredatlarda hiç yoktu. SSCB'nin dağılmasından sonra bağımsızlığını elde eden Türk cumhuriyetlerinin tarih kitaplarında ortak Türk tarihinin öğeleri haklı yerini almaya başladı. Tarih eğitimi ve öğretiminde değişimlerin yaşandığı Türk cumhuriyetlerinden biri de Kazakistan Cumhuriyeti'dir.

Kazak topraklarında Rus istilasıyla birlikte başlatılan Ruslaştırma siyaseti SSCB döneminde sistemli biçimde ilerletilmiş ve büyük ölçüde başarıya ulaşmıştır. Kazakistan'da değişimler aslında 1980'li yıllarda Kazakçanın milli dil olarak önemini yitirmesi ve unutturulması karşısında yaşanan uyanış ile başladı. Devamında ise SSCB'nin dağılması ve Kazakistan'ın bağımsızlığını elde etmesi olaylarından sonra dil ve tarih eğitiminde bir takım değişiklikler yapıldı. Uyanan tarih bilincinin etkisi ile artık Kazak halkı geçmiş devirlerini gerçekçi açıdan ele alınması gerektiğini kavradı.

Çeyrek asırlık bağımsızlık sürecinde Kazakistan eğitim sisteminde yapılan önemli değişiklikler, doğal olarak her alanda müfredat değişimini zorunlu kılmıştır. Tarih öğretiminde de hem ortaokul, lise düzeyi müfredatlarda, hem de üniversitelerde okutulan kitaplarda önemli ölçüde değişiklik yapılmıştır. Bu hususta Kazakistan tarihçilerinin çalışmaları takdire layıktır. Козыбаев М.; Историография Казахстана: уроки истории. - Алма-Ата, Рауан, 1990, E.Z. Kabıldinov, A. T. Қауырбайева, В. Ǵ. Аяған, М. J. Шеймерденова, Seyden Joldasbayev vs. tarihçilerin hazırladığı ders kitaplarını değerlendirmemek mümkün değil. Günümüzde Kazakistan Cumhuriyeti'nin okullarında okutulan tarih ders kitaplarındaki konular 25 sene önce hiç öğretilmiyordu veya farklı açılardan izah

ediliyordu. Tarih ilmindeki bu değişimleri sadece ders kitaplarında değil, tarihi araştırmalarda, monografilerde, keza tarih ilmini etkileyen ilim dalları olan arkeolojide, etnolojide, antropolojide vs. görmek mümkündür.

Bu çalışmada daha çok bağımsızlık öncesi ve sonrasında, Kazakistan'da tarih öğretimi karşılaştırılarak incelenmiştir.

### **Bağımsızlık Öncesi Kazakistan Tarihinin Öğretimi**

Tarih ilmi bir milletin birlik ve beraberliğindeki en önemli yapı taşlarından biridir. Tarihi öğretmek, onu bilmek öğrenmek kadar önemlidir. Çünkü tarih öğretimi, vatandaşlık bilinci oluşturma ya da iyi vatandaş yetiştirme yolunda en fazla istifade edilen öğretim alanıdır. Özellikle ilköğretim ve lise dengi okullarda okutulan tarih kitapları, neredeyse bütün toplumun tarih algısını şekillendiren materyallerdir. Bu gerçeğin bilincinde olan Sovyet idareciler, tarih bilimine ve tarihçilere önemli misyon yüklemişlerdi. Öncelikle, Sovyet yönetimi Çarlık Rusya'sının Rus olmayan halklara karşı yürüttüğü asimilasyon politikalarını tarih ve kültür alanında devam ettirmişlerdir. Bir Sovyet ulusu inşa etmeyi amaçlayan bu sistem, halklar arasındaki dil ve dini ayrılıkları "Sovyet kardeşliği" çatısı altında birleştirerek yönetmeyi hedefliyordu. Dolayısı ile Sovyet ulusunu teşkil edecek olan halkların yeni tarihsel hafızaya ihtiyacı vardı. Bu ise yalnız yeni tarih kurgusu ile mümkün olabilirdi. Ancak bu şekilde komünist ideolojisi devamlılığını ve bütünlüğünü koruyabilecekti. Nitekim, 1917 Bolşevik İhtilali'nden sonra yeni iktidar Rusya'da yürüttüğü Sovyetleştirme siyasetini tarihçilik, tarih eğitimi ve tarih yazımı alanında sistemli olarak devam ettirmiştir. İlk aşamada Marksist-Leninist bir düşünceye sahip yeni tarihçilerin olmaması nedeniyle Çar döneminden kalma kendi tabirleri ile "burjuva tarihçilerine" çalışmalarını devam ettirmeleri konusunda engel olmamışlardır. Fakat sonra kurulan Sosyal Bilimler ve Tarih Enstitülerinden yetişen tarihçiler onların yerini almaya başlamıştır.

8 Aralık 1930 yılında Komünist Akademisi Tarih Enstitüsü'nün parti toplantısında, Sovyet tarih biliminin başında olan Pokrovski, Sovyetler Birliği'nde tarihçilere düşen görevi şu şekilde açıklamaktaydı: "*Tarih alanındaki mücadele, partinin esas hattı için yürütülen mücadeledir... Bu iki mücadele arasında kırılmaz ilişkiler mevcuttur. Onları ayırmak mümkün değildir... Tarih bu siyasi mücadelede büyük silahtır... Tarih diğerlerine nazaran önemli siyaset bilimidir. Geçmiş siyaset tarihi ile bu günün siyaset tarihi arasında bir bağ vardır. Tarihi bu politikadan ayırmak mümkün değildir. Tarihin başka düşüncesi olamaz*" (Ağayev, 2006, 84).

Основным признаком кочевой культуры, отличающим ее от аграрного мира в целом, является наличие средства передвижения, то есть коня. Без лошадей немислима номадическая культура, поскольку конь служил не только материальным основанием общества. Определение «ат» содержит сакральную первооснову; в образно-духовном мире народов Ис істеп он является ведущей константой, связанной с культом верха (духовного начала). К «ат» восходит словообразовательный ряд ат – ата – атабек (воспитатель), аталы (имеющий славных предков), атакты (выдающийся), атамекен (священная земля предков). Эти определения, в которых глубоко отражены ментальные особенности степной культуры, вплотную подводят к кочевниковедению как научной проблематике. Дело в том, что по отношению к культуре в целом довлеет цивилизационно-социумный подход. Так, мировые религии освещаются онтически, в контексте конкретной историко-географической реальности (христианство как наследие Западной Европы, ислам как явление Востока). Между тем, выход за пределы социумно-цивилизационного измерения позволяет: 1) осветить магистральную линию культурного развития человечества; 2) понять культуру в исторической перспективе. Пример сказанного: кочевниковедение, которое значимо не только в региональном масштабе (как явление степи), но в контексте культурного целого.

Следует отметить, что кочевники стимулировали развитие культуры древних греков и китайцев. Действительно, в истории культуры известно немало фактов взаимовлияния, взаимодействия между тремя культурными очагами. Вместе с тем, суть проблемы кроется, на наш взгляд, в том, что эти этносы и государства выполняли различные функциональные задачи. Иными словами, древние греки и китайцы, а в их лице весь земледельческий мир и номады Ис істеп выполняли стратегически разные роли. Задача первых – созидать новое

– культуру цивилизационной эпохи. И они блестяще реализовали ее. К безусловным достижениям геокультуры относятся философия, наука, искусство, культура в целом тому подтверждение. Задача вторых – охранительные тенденции, заключающиеся в сохранении первоисточного единства, что подтверждает и этноним ранних кочевников сак, сақтау (беречь, сохранять).

Культурфилософский анализ результатов казахстанского гуманитарного знания с данными современной мировой науки приводит к выводу о том, что первосмысл, первоисток есть сфера духовного бытия. Фактичность духовности подтверждается, прежде всего, эмпирически-исторически. Культурные блага, то есть предметы материальной культуры, только начинают создаваться и приобретаются архаическим человеком в ходе жизненной практики. Причем, что очень важно, отношение к ним с самого начала человеческой истории не утилитарно. Во-вторых, в филогенетическом родстве наиболее древних по происхождению (миф, религия, нравственность, искусство) культурных форм прослеживается духовное начало, представлявшее с самого начала духовно-практическую целостность. Это не значит, что игнорируется или отрицается значение материальной культурной сферы. Во-первых, целостный взгляд элиминирует деление культуры на духовную и материальную; во-вторых, предметы материального производства интерпретируются как явления культуры, обладающие культурным значением, то есть важные не только для комфортного существования человека, но с точки зрения культуронесущего содержания.

Убедительный пример сказанного – культура Казахстана, в которой, благодаря кочевому хозяйственно-культурному типу, социум по всем основным параметрам оказался родственен архаике, вследствие чего приоритет духа как исходно-вечного начала жизни имеет эквивалентную, то есть живую, биотическую природу. Она представляет собой классически совершенную систему и содержит такую духовную концентрацию, какую цивилизованным обществам, поглощенным материальными потребностями, просто невозможно представить. При этом дух не возвышается над жизнью, не есть что-то надстроенное над обыденной реальностью. Триада «дух – жизнь – культура» представляют неделимое целое. В качестве примера можно обратиться к религии: исторически сложилось так, что в философии и науке понятие культура содержит секулярный смысл. Даже – религия функционирует здесь не столько в своей непосредственно-сакральной

сущности, сколько в государственно-идеологической ипостаси, не столько как всеобщее, сколько как особенное (христианское, мусульманское). Подобная экстраполяция справедлива по отношению к оседло-земледельческим цивилизациям. В культуре Великой Степи, как показывает пример казахстанской традиций, содержание духовного бытия составляет единство жизни и культуры.

Таким образом, земледельцы выполняли культурную программу настоящего, а, именно, культуры цивилизации; кочевники работали во имя будущего – космокультуры. В крупном масштабе и те, и другие шли (и идут) к одной великой цели: к вечному духу. Но шли разными путями. Земледельцы через преодоление, борьбу с материально-вещественным планом Универсума. Кочевники – через последовательное сохранение в душе духовно-энергетического плана. Вот так, путем страданий, сомнений, тревог, разочарований, вечных поисков и, казалось бы, консервации, неподвижности происходит становление новой эры – Космокультуры. И это – космический процесс, ибо это – синтез возможности и действительности как условие для дальнейшей духовной эволюции. Вряд ли на уровне сферы сознания она отчетливо осознавалась и рефлексировалась; осуществление ее происходило на уровне архетипов. Ясное понимание ее было присуще, возможно только избранным – посвященным, то есть духовной элите *Is іstep*. К ним, наряду с вышеуказанными «*сегіз кырлы, бір сырлы*», относятся *ақ сүйек*. Это – кожа или ходжи, которые являлись «прямыми потомками тех арабских миссионеров, которые «не мечом и огнем», а мирным путем несли ценности мусульманской религии в среду евразийских кочевников. Это опасное и многотрудное дело требовало не только духовной убежденности в его правоте, мужества и отваги. Оно требовало также любви и уважения к тем, кому предстояло признать проповедуемые ценности. Доказательством истинной любви и уважения должна была стать ассимиляция. Ассимилированные потомки арабских миссионеров и называются ходжами» [10].

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Нурланова К. *Человек и мир: казахская национальная идея*. – Алматы: Каржы-Каражат, 1994, с.24-25.
2. Курляндский В. В. *Послания древних жрецов*. – М.: РИПОЛ КЛАССИК, 2003. – 384 с. (Тайны, находки, сенсации), с. 121-122.
3. *Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством*. – Алматы: Гылым, 1993 – 264 с. – с.13.

**К. Бегалинова, Б. Кокумбаева. Филогенетические истоки динамических**

---

4. Аджи М. *Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой Степи.* – М.: Международный Благотворительный фонд «Святой Георгий», 1999 – 176 с. – с. 89.
5. Каракозова Ж. К., Хасанов М.Ш. *Космос казахской культуры.* Алматы: Евразия, 1993 – 79 с.
6. Аязбекова С. Ш. *Картина мира этноса: Коркут ата и философия музыки казахов.* – Алматы, 1999, с.40.
7. Магауин М. *Вешние снега: исторический роман*, кн.1. Пер. с казахского языка А. Курчаткина. – Алма-Ата: Жалын, 1985. – 592 с. – с.147.
8. Медоев А. Г. *Гравюры на скалах: (Сары-Арка, Мангышлак).* – ч.1. – Алма-Ата: Жалын, 1979. – 175 с.; Сейдимбеков А. *Поющие купола. Этюды о красоте* (Перевод с казахского языка Кажобековой). – Алма-Ата: Жалын, 1985, Максимова А. Г., Ермолаева А. С., Марьяшева А. Н. *Наскальные изображения урочища Тамгалы.* – Алма-Ата: Онер, 1985.
9. Аманов Б. Ж., Мухамбетова А. И. *Казахская традиционная музыка и XX век.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 544 с.
10. Толебайулы М. Х. *Казак и монгол.* // Новое поколение. 15 июня 2001.

**ТҮРКІСТАНДЫҚ ҒҰЛАМА – ӘЛ-ИТҚАНИ**  
**TURKESTANER SCIENTIST – AL-ITQANI**

Шамшәдин КЕРІМ\*

**Түйіндеме**

Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби әт-Түркістани (1286 – 1357) қазақ жерінен шыққан аса көрнекті шариғаттанушы, фиқһшы, дін ғұламаларының арасында топжарғаны. Артына қалдырған ұлан-ғайыр құнды мұрасының дені жоғалмай, әсіресе араб қайнаркөздерінде сақталған ғұлама еңбектері заманымызға дейін жеткен. Бірақ олардың аз бөлігінен өзге көпшілігі әлі жарық көрмеген. Мақалада ғалым ғұмыр кешкен XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың бірінші жарымындағы тарихи-саяси, әлеуметтік жағдайларға шолу жасалды. Діни білім, оқу, шариғи ілімдердің дамуы турасында баяндалады, сондай-ақ әл-Итқани өміріне қатысты тың қайнаркөздер мен құнды деректерді қолдана отырып, ғұламаның ғұмырнамасын жасауға талпыныс жасалады, бізге беймәлім деректер ұсынылады.

**Кілт сөздер:** фиқһ, шариғаттанушы, Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби әт-Түркістани.

**Summary**

Qauamad-din al-Itqani al-Farabi from Turkestan (1286 – 1357) the most prominent of Shari'ah, fiqh and religion scientific creativity of the origin of Kazakh land. The great heritage left behind does not disappear, especially Arabic sources reserved scientific creativity, have reached our era. But most of them are still not seen. The article reviews the historical-political, social conditions of the late 13th century and the first half of the 14th century when the scientist lived. Religious education, education, and the development of Sharia teachings, as well as using sources and valuable data on al-Itqani's life, an attempt to create a scientific biography, recommended unknown about the data us.

**Keywords:** fiqh, religion scientific, Qauamad-din al-Itqani al-Farabi from Turkestan.

**Әл-Итқанидің өмірдеректері**

Әл-Итқани ғұмыр кешкен XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың бірінші жартысында Қазақстан мен Орта Азияда Шыңғыс ханның ұрпақтары билік құрды. Бұл дәуір Аббаситтер халифатының құлдырап, құлаған уақытына сәйкес келеді. Аталмыш кезең ислам тарихындағы ең ауыр мезгілдердің бірі болды.

Бес ғасырға созылған Аббаситтер халифатында ислам өркениеті гүлдене дамып, шарықтау шегіне жеткен-ді. Алайда Хулагу бастаған

---

\*филология ғылымдарының докторы, профессор, Нұр-Мұбарак университетінің проректоры. Алматы-Қазақстан.  
Doctor of Philology, professor, Vice Rector of Nur-Mubarak University. Almaty-Kazakhstan.

### Ш. Керім. Түркістандық ғұлама – Әл-Итқани

---

моңғол әскерінің қасапты шабуылынан кейін ғасырлар бойы жалғасқан осы өркениеттің алға басуы тежелді. 657/1258 жылы моңғолдар халифат астанасы Бағдадқа кіріп, халықты аяусыз қанға бояды [4,17/361]. Сол қасап қырғында қаза тапқандардың арасында Халифа әл-Мустағсим Билләһ та бар еді. Хулағу содан кейін Шамға қарай бет алады, ислам қалалары бірінен соң бірі жеңіліс таба берді. Халаб (Алеппо), Дамаск, Бағлабек қалалары моңғол күшіне төтеп бере алмады. Басқыншылар жаулап алған мекендердің халқын қатігездікпен қырып-жойып, шаһарларды тағылықпен ойрандады.

Жаудың бағыты батысқа жылжып, Мысыр жеріне де таяды. Дегенмен, қайсарлы да қайратты Құтыздың қолбасшылығымен мұсылман әскері 658/1260 жылы Айн Жалут деп аталатын үлкен кескілескен жойқын шайқаста моңғол күшіне қатты соққы берді [5, 23/200-201]. Осылайша мәмлүктер Мысырдың тәуелсіздігін қорғап қалумен қатар Ефрат өзеніне дейінгі кең алқап Шам өлкесін қайта қолына алды.

Мұсылмандар елінің шығыс бөлігі – Ирак, Хорасан, Хорезм, Мауараннаһар жерлері моңғол билігінің табанында қала берсе, орталық және батыс бөлік Шам, Хиджаз, Мысыр жерлері Мәмлүктердің қарамағына өтті. Екі арадағы соғыс жалғасты.

Әл-Итқани 685/1286 жылы Фараб (Отырар) жанында Итқанда (Иқан) дүниеге келді. Сол кездегі моңғол билігін қолында ұстаған Арғун<sup>1</sup> қан төгуге құмар, жауыз билеуші болатын. Өзіне көмекші уәзір етіп діні яһуди біреуді тағайындап, ол еврей халқының дәрежесін көтеріп, мұсылмандарды қудалауға көмектесті. Ақырында билеушіге уланған ас беріліп, содан көз жұмады, келесі билеуші інісі Гайхату таққа отырды.

1256-1353 жылдар аралығында Илхандар атымен белгілі болған Хулағу мен оның ұрпақтарының қол астындағы империяға Орта Азия, Иран, Әзербайжан, Грузия, Армения, селжуктұқтық Румның үлкен бөлігі Кіші Азия бағынды.

Моңғол қол астындағы саяси хал-ахуал көпке дейін ушығып, Ислам дінін қабылдаған Ғазан Арғунұлы билеуші кезеңіне дейін жалғасты. Оның билігі тұсында халық топ-тобымен ислам дінін қабылдап, өмірлік жолына айналдырды. Ибн Кәсир бұл жайлы былай дейді: «Моңғол билеушісі Ғазан ибн Арғун ибн Абға ибн Төле ибн

---

1. Арғун Абақа ұлы – 683/1284 – 690/1291 жылдар аралығындағы моңғолдардың Ирак пен Хорасандағы ханы.

Шыңғыс хан Әмірші Нуруздың себебімен исламды қабылдап, моңғолдардың көп бөлігі исламға кірді. Исламды қабылдаған күні қуаныштан алтын, күміс, інжу-маржандарды халыққа оңды-солды шашты. Махмұд есімін таңдады. Исламды түсініп, мешіттерге барып, уағыз-насихат тыңдап, халықпен бірге намаз өткізді, шіркеулерді бұзып, басқа діндегілерге салық (джизя) салды. Бағдад және басқа қалаларда зұлымдықты жойып, әділдікті орнатты. Барлық мақтау Аллаға лайық!» [4, 13/340].

Ғазан билігі кезінде мәмлүктер мен моңғолдар бірнеше қанды майданда кездесті. Ең әйгілісі Химс пен Сәламия қалаларының арасындағы Уәди әл-Хазандар деп аталатын жерде болды. Бұл ұрыста моңғолдар айқын басымдылық танытты. Насыр Мұхаммед ибн Қалауын сұлтан бастаған мұсылман әскері жеңіліске ұшарады. Дегенмен сұлтан Наср қайта күш жинап, кеткен қателікті түзетті. Марж-ус-суфар соғысында қарымта қайтарды.

Ғазан хан тақта отырған уақыт – моңғол тарихының алтын кезеңдерінің бірі. Бұл кезде ғылым-білім дамып, халық сүннетке бет бұрды. Әл-Итқанидың ақыл тоқтатып, есейген, білімге аяқ басқан шағы – осы мезгіл.

703/1304-716/1316 жылдар аралығында Мұхаммед Хұдабанда Ұлжайту Арғунұлы билік құрған кезінде бүлік көбейіп, халықтың басына біткен сор болды. Одан кейін Әбу Саид Ала ад-дүние уа дин, Баһадүр Ұлжайтуұлы әкесінің орнын басқанда жасы кіші болғанмен, үлкендердің ісін атқарып, сүннетті қайта жаңғыртуға көңіл бөлді. Халықтың ықылас-ілтипатына бөленді. Халық аманшылықта өмір сүріп, жамандық пен бүліктер басылды. Тіпті айталық оның билік құрған бір жылы қажылыққа баратын мұсылмандардың саны үш есеге дейін өскен. Сол жылы әл-Итқани да қажылық ғибадатын орындады.

736/1335 жылы Әбу Саид өлген соң моңғолдардың ішкі таластары күшейіп, әлсірегені соншалық бұдан кейін қайта еңсесін көтере алмады. Ақыр соңында Әмір Темір олардың есебінен өз билігін күшейтіп, жер аумағын кеңейтті. Орта ғасырларда Қазақстанның оңтүстігіндегі шаһарлар мен қалалар саяси, экономикалық, сауда тұрғысынан аса маңызды қызметтер атқарумен бірге ғылым, білімнің, ислам дінінің насихатталып, орнығуына, шариғи ілімдер мен араб тілінің таралып, өрістеуінде өлшеусіз ықпалын тигізген орталықтарға айналды. XIII ғасырдың басында қаһарлы моңғолдардың шапқынына ең алдымен ұшыраған осы өркениет ошақтары қиратылып, ойрандалса, ал әл-Итқани шыр етіп жарық дүниеге келген шақта осы кенттер ауыр



### Ш. Керім. Түркістандық ғұлама – Әл-Итқани

---

соққыдан есін жиып, оңалып, еңселерін тіктей бастаған еді. Қауам ад-дин алғашында Сыр бойында, Орта Азия аймағындағы ұстаздарынан тәлім алса, есейгеннен кейінгі ғұмырын атажұртынан жырақта Шам мен Хиджаз аймағы, Мысыр елінде, мәмлүктердің дәурені жүріп тұрған өңірлерде өткізді. Моңғолдардың жойқын шабуылдарына төтеп беріп, елде тәртіп орнатқан мәмлүктердің халық арасында мерей-беделі өсті.

1250-1382 жылдар аралығында бахри мәмлүктер билік тізгінін ұстады, бұлар негізінен қыпшақ тайпасынан шыққандықтан орта ғасырлық араб деректерінде бұл кезеңді «Даулат атрак», яғни «Түріктер мемлекеті» деп атайды. Мәмлүктер мемлекетінің даңқын асқақтатқан қайраткер – 1260-1277 жылдар аралығында тақта отырған Заһир Бейбарыс еді. Өзінің абыройын көтеріп, билігін нығайту үшін Аббас әулетінің әміршілерінің бірінен ант қабылдайды.

Бейбарыс өлімінен соң саяси билік тағы да әлсіреді, ол Мансур Қалаунға дейін жалғасты. Ол 1279-1290 жылдар аралығында ел басқарды. Ел аумағында бірнеше бүліктер, ішкі-сыртқы толқулар, алауыздықтар орын алды, бірақ ол барлық шиеленісті сәттерде қырағы саясатымен, даналықпен жол тапты. Моңғолдар мен кресшілерге тойтарыс берді.

Халил ибн Мансур билігінде 1290 жылы Акка шайқасынан соң кресшілер елден шығарылып, тазаланды. Бірақ көп ұзамай оған қарсыластары қастандық ұйымдастырып өлтірді. Мәмлүктер мемлекетінде ішкі тартыстар қайта басталды. Осындай қиындық кезеңде Насыр Мұхаммед ибн Қалаун үшінші рет билікке келіп, билік тізгінін қолына алып, жаңа реформалар жүргізіп, елдің саяси жағдайы жақсарып, жаңа деңгейге көтерілді, қалыпты жағдайға келді. Бұл жолы Мұхаммед 31 жыл тақта отырды.

Мысыр мен Шам гүлденіп білім ордасына, ғұламалар мен білім іздеген шәкірттердің ыстық мекеніне айналды. Олардың ішінде ғалым әл-Итқани бар еді. Ғалым 721/1321 жылы қажылық парызын өтеген соң Мысырға аяқ басты.

Қырық жыл бойы Насыр ұрпақтары Мысырды биледі. Одан кейін 20 жыл ішінде ұлдарының сегізі билікке келсе, қалған 20 жыл ішінде төрт немересі басқарды.

Бұл елдегі жағдайдың тұрақсыздығын, тәртіпсіздіктің белең алғанын көрсетеді. Мұндай келеңсіздіктер саяси, әлеуметтік, экономикалық саланы түгел қамтыды.

Насыр Мұхаммедтің ұлдары тұсында үлкен әміршілердің ықпалы күшейе бастады. Әрбір сұлтанның артында бірнеше әмірші тұрды. Сол кезде жұлдызы жанғандардың бірі – әмір Сарғатмуш ан-Насири еді, ол кейін өз атын иеленген Сарғатмуш медресесін салдырған. Аталған медреседе ханафи мәзһабын оқыту негізге алынды. Медресенің оқу жағын басқару әл-Итқаниге жүктелген.

Бұл ғасыр саяси толқуларға, бүлікке тола болды. 718/1318 жылы Сирия жерінде Түркия мен Иракпен шекаралас ауданда орналасқан әл-Джазирада және Түркияның оңтүстік шығысындағы Диярбакрде өте қатты құрғақшылық орын алды. Адамдар өлекселерді азық етуге, балаларды сатуға дейін мәжбүрленді. Аштықтан біраз халық қырылды. Бағдад халқы да аштықты бастан кешірді [6,4/48-49].

719/1319 жылы рамазан айында Дамаскіде үлкен сел жүріп, айва отырғызуға арналған жердің бәрін шайып кетті. Захаби бұл құбылысты былай деп сипаттайды: «Бұл селдің суынан асқан лас су көрмедім, бір ратлда (өлшем бірлік) шамамен үш уқия (өлшем бірлік) топырақ бар. Барада өзенінің балықтары тұншығып өліп, су бетіне қалқып шықты. Оны адамдар жинап алды. Дегенмен, сол жылда жауын аз болды. Тіпті Замалка каналы кеуіп кетті» [6, 4/52].

720/1320 жылы Египетте ауру-сырқау көбейді. Ауру адамы жоқ үй қалмады. Дәрі-дәрмек, азық-түлік бағасы аспандап өсті. Бір жылдан соң өте көп бүлік орын алды. Каир қаласында бірнеше рет өрт қойылып, кейбір жерлерде өрт бірнеше күнге жалғасты. Ибн Тулун мешіті мен жанындағы ғимараттар толығымен өрттен құлады. Өрт қойған христиан дінін ұстанатын қылмыскерлер қолға түсіріліп, өлтірілді, сонан соң өртелді. Осының салдарынан біраз христиан шіркеулері қиратылды. Қалғандары тоналып, талан-таражға салынды. Бірнеше күн бойы Каирде көшеге шыққан христиандар қатты соққыға жығылып, таяқ жеп жүрді [7, 2/301].

724/1324 жылы Шамда бағалар шарықтап өсті. Бір қанар бидай екі жүз дирхемнен артық бағаға сатылды. Сұлтанның бұйрығымен Мысырдан бидай әкелінген соң, жүз жиырма дирхемге түсті. Баға осы деңгейде бірнеше ай тұрақтап, кейін баға қатты төмендеп кетті. Сұлтанның пәрменімен елге сырттан кіретін астық тауарларға салық алынып тасталынды [8,4/203].

725/1325 жылы Джуамадал ула айында Бағдадта су тасқынынан көп адам қазаға ұшырады. Су Бағдадтың қорғандарына дейін жетті. Халық Алла Тағалаға жалынып, жалбарынды, тасқын бес күннен кейін басылды [6, 4/71].

### III. Керім. Түркістандық ғұлама – Әл-Итқани

---

Осындай зобалаң оқиғалар ортасында елде бүлік көбейді. Халық аздап діннен алыстай бастады. Билеушілердің арасында жағдайды жақсартуға талпынғандар да болды. 724/1324 жылы сұлтан елдегі тәртіпті күшейтіп, ойын-сауық орындарын жапты, зинақорлардың соңына түсіп, біразын қамады. 744/1343 жылы сұлтанның орынбасары Каирде қатаң билік жүргізді. Арақ-шарапты төккізді, харам нәрселердің бәрін тыйды, қылмыскерлерді қатаң жазалады. Арақ өндіретін орындарды қиратып, мешіттер салды. «Кімде-кім арақ ішкен адамды немесе қолында арақ құйылған құты ұстаған адамды алып келсе, үстіндегі бағалы заттары, киімдері ұстап алып келген адамға беріледі» деген заң шығарды. Көптеген адамдар, тіпті биліктегілердің өзі біраз қылмыстардан тыйылды [7, 2/302-309].

Ауыртпалықтар халықтың көпшілігін құрайтын қарапайым егіншілер, қолөнершілер, қызметшілер т.б. өмірін одан әрі қиындата түсті. Өлекселерді жеуге мәжбүрледі. Аштан қырылған халықтың денелерін бір қабірге үйіп көмді, қайыршылық тарады, алдау-арбау, ұрлық-қарлық, кісі өлтіру көбейді [6, 3/384].

Жоқшылық пен таршылық жан алқымнан алған осындай уақытта ғұламаларға артылған жауапкершілік өте ауыр еді. Олар адамдарды сабырлыққа шақырып, дінді дұрыс ұстануға, күнәлардан бас тартуға уағыздады. Қиын кездерде халықты жақсылыққа үндеп, үміт үзбей, басшыларға, сұлтандарға насихат, ақыл-кеңес айтып, бұндай бәле-жәлелер жамағат арасында Аллаға тәубе етіп, дін күшейгенде ғана жойылады деген сенімді оятуда ғұламалардың атқарған қызметтері маңызды болды.

Бір жағынан жау жағадан алып, бір жағынан ішкі тартыстан әлсіреген ислам елдері құлдырау уақытын еңсеріп, бірте-бірте қайта ес жинап, өз қалпына келу кезеңін бастан кешірді. Бұл дәуірде үлкен таудай талапты ғалымдар ислам мұрасын сақтап қалу, дамытып, өрісіп кеңейту үшін күш-қуатын жұмсады. Халықтан оқшауланып, білім үшін табан тоздырып айлық сапарлар шекті, қиындықтан тайсалмады. Білім іздеу мақсатында қоныс аударып, туған мекендерінен алыстап кетті. Әл-Итқани есі кіргеннен бастап, ақырғы демі үзілгенше тынымсыз ізденіс үстіндегі шынайы еңбекқор болды, оқытушылықпен қатар қаламын тастамай сарыла еңбектер жазып, ғылыми шығармашылықпен шұғылданды.

Әл-Итқани ғұмыр кешкен дәуірде ислам ілімдері кең, тармақтала дамып, түрлі мектептер қанатын жая түсті, жазылған еңбектер

молайып, ғұламалар шоғыры ерекше жарқырай көрінді. Сұлтандар да ғылымды қадірлеп, оның талантты өкілдерін жақын тартты, жылы қабақ танытты. Ғалымдарды билік тарапы да құрметтеп, оларға үнемі демеушілік көрсетіп, қолдап, қошеметтеп отырды.

Осы кезеңде сұлтандар, әмірлер мен байлар медреселер тұрғызуда бәсекеге түскендей сауапты, ізгі істер атқару жолында да жарысты. Бұл оқу орындарында ғұламалар жай дәрістер жүргізіп қоймай, өз білім-ғылымын шыңдауға да, басқаларға үйретуге де кең мүмкіндіктер ашылды. Медреселер жүргізілетін мәзһаб пен ілім саласына қарай бөлінді. Айтылмыш оқу орындарының кейбіреулерінде тек бір мәзһаб жүйесінде ілім үйретілсе, енді біреулерінде ханафи, шафиғи, мәлики, ханбали, төрт мәзһабы қатар оқытылған, сондай-ақ ханафи мен шафиғи мәзһабы тең игерілетін оқу орындары да дүниеге келді. Бұдан тыс хадис ілімі мен медицинаға маманданған оқу орындары да болды. Мысалы ханафи мәзһабы негізінде білім берілген медреселердің бірқатары мыналар:

Әл-Иқбалия ас-суғра (Шам);

Әл-Муаззамия;

Әл-Жауһария (Дамаск);

Әл-Хатуния әл-баррания (Дамаск);

Әл-Хатуния әл-жауания;

Әл-Қимазия (Дамаск);

Әл-Муқаддимия әл-жауания (Дамаск);

Әл-Қассаия;

Ар-Райхания;

Әз-Занжария (Дамаск);

Әл-Умадия;

Машһад имам Әби Ханифа (Бағдад, имам Әбу Ханифаның қабірі басында);

Ас-Сарғатмуш (Каир);

Жами әл-Маридини (Каир).

Ал сұлтан Бейбарыс негізін салған Каирдегі әз-Заһирия медресесінде ханафи және шафиғи мәзһабы, аш-Шайхуния медресесінде төрт мәзһаб қатар оқытылды. Бұл оқу орындары айтулы ғалымдар қызмет еткен ғылым ошақтарына айналды. Осы көрсетілген медреселердің бірқатарында әл-Итқани де сабақ беріп, оқытушылық қызмет атқарған. Дәлірек айтсақ, Бағдадта Машһад имам Әби Ханифа (имам Әбу Ханифаның қабірі басындағы), Дамаскіде Дар ул-хадис әз-Зәһирия (әз-Зәһирия хадистер үйі), әл-Кунжийя, ас-Садикия

### Ш. Керім. Түркістандық ғұлама – Әл-Итқани

медсеселерінде, Каирдегі Жами әл-Маридини мешітінде, сондай-ақ Сарғатмуш медресесінде дәріс берген.

Аталмыш дәуірде ғалымдардың арасында, түрлі мәзһаб иелерінің арасында ғылыми еркін пікірталастар жүріп жататын, алуан көзқарастар өрбитін мұндай ілім сайыстары мешіттерде, медреселерде, сұлтандар мен әмірлердің сарайларында өтіп, оларға мемлекет басындағылар да, ғұламалар да қатысып отыратын.

Зерттеуші Ә.Муминовтің пайымдауынша, мәуереннаһрлік факиһтардың Таяу Шығыс елдеріне қоныс аудару себебін сол елдердегі түрік-моңғол текті билеушілердің сүнниттік ұстанымды күшейту бағытындағы саясатының биік деңгейдегі білікті мамандарға сұранысты тудырумен байланыстырады, бұл сұраныс Мәуереннаһрдан жаңа ғылыми күштердің келуі арқылы қанағаттандырылды, ал мәуереннаһрлік ханафиттер бұл жағдайда Таяу Шығыста өз мектептерінің дәстүрлерін белсенді түрде таратып насихаттауға мүмкіндік алды деп түйіндейді [1, 30-31].

Түркияда жарыққа шыққан көп томды «Ислам энциклопедиясындағы» «Итқани» атты мақаласында Ахмед Акгүндүз ғұламаның өзінің, әкесінің, атасының аттарының «Әмір» сипатында келетіндігіне назар аударған. Шынында оқымыстының өз аты – Әмір Кәтиб, әкесінің есімі – Әмір Умар, атасының есімі – Әмір Ғази [2, 464]. Ә.Муминов оқымыстыға «Әмір Кәтиб» есімі көркем түрде жазудың шебері болғандығы үшін берілгендігін алға тартқан [3,110].

Қауам ад-диннің өз сөзіне қарағанда 685/1286 жылы Итқанда сенбі түні, шаууал айының 19-ында туылған. Бұғанасы қатпай жатып-ақ білім алуға ден қойған. Жастайын-ақ Мәуереннаһр шейхтарынан білім алуды бастаған. Ол «ат-Табиінде» өзінің Ферғана, Бұхара ғұламаларынан білім алғаны, Нишапурда ас-Сығнақиден Фахр ул-Исламның «Усулын» оқығандығын жазады [9,1/117]. «710/1310 жылы Бұхарада жастық шағымызда ұлттың және діннің шамы, Исламның және мұсылмандардың нұры, шейх, имам Әбу Таһир Мұхаммед бин Абдурашид ас-Сижауанидидің «Фарайд» атты кітабын өлең жолдарымен түсіндірген едік» – дейді.

Жалал ад-дин ас-Суюти (849/1445-911/1505) әл-Итқанидің «өз елінде жүргенде-ақ (ғылыммен) шұғылданғанын, қабілетті болғандығын» атап көрсетеді [10, 1/459].

Ол «әл-Лубәб фи әл-илм әл-хисаб» атты кітабын Фарямуд қаласында хижра бойынша 714 жылдың сафар айында аяқтаған.

Ә.Муминовтің зерттеулеріне қарағанда 715/1315 жылы Хамаданда Әбу Зайд әд-Дабусидің (428/1037 ж.қ.б.) «Тақиум ад-адилла» кітабын көшіруді аяқтайды [3,110]. Бағдадта фиктан дәріс береді.

716/1316 жылы берекелі бараат түні Хижаз сапарында Хузстанның ең үлкен қаласы Тустарда он жылдан астам уақыттан бері жазып жүрген «ат-Табиин» кітабының соңғы нүктесін қояды.

717 жылдың 9 шағбанында (1316 жылдың 27 қазанында) Бағдадта болып Әбу Ханифаға арнаған қасидасын жазған.

Бұл қасиданы қолжазба бойынша арабша мәтінмен бірге оның қазақша мағыналық аудармасын алғаш рет ұсынып отырмыз:

«Ибн әл-Әмид Қауам ад-дин Әмір Кәтиб әл-Итқани (Алла оны және оның әке-шешесін рахымына бөлесін) бұл оның Бағдад қаласына кіргеннен кейінгі 3 түні еді, яғни шағбан айының 9 күніне сәйкес келді. Бұл оның 717/1316 жылы имам Ағзам Әбу Ханифаға (Алла оған разы болсын) арнаған мақтауы:

«Уә, Нұғманның кесенесі! Әлі де гүлденіп тұрсың көркейіп! Өзіңді сағынып, зиярат етуге келіп тұрмын.

Алыста өзіңді көруді ынтыға күттім, ал жүрегім тәнімнен бұрын өзіңе келген еді.

Сен әлі де нұрға бөленіп, қасиетті де мерейлісің, әлі де сенен береке мен жақсылық жұпары есіп тұр.

Сен Бағдадта болмағанда, оның халқы мұндай үлкен шарапатқа (дәрежеге) ие болмас еді.

Сенің келуің аз уақыт болса да, Батыс пен Шығыс елдерін өркендетті.

Нұғман өз иджитһадымен көрініп, әулие, ғалымдарды қайран қалдырды.

Дүниені тәрк еткен, бұрын өткен барлық имамдардың имамы, ұлылардың ұлысы болдың.

Алланың пәк шарифатына жәрдем беруде әлі де шыншылсың,

Мұхаммедтің (с.а.у) дінін насихаттауда әлі де сенімдісің.

Сен қиындыққа төтеп беруде ерекше сабырлысың, беріксің, ал жақсылыққа тап болғанда сондай байсалдысың, кеңісің және шүкіршілсің.

Ізгі жанға жұмсақтық танытасың және жақсылық жасаушысың, ал қасарысқан тоңмойынға қатты қаһарлысың!»

### III. Керім. Түркістандық ғұлама – Әл-Итқани

قال الشاب الكبير ابن العميد قوام الدين امير كاتب الاتقاني غفر الله له و لو ائديه الليلة الثالثة  
من دخوله بغداد و هي الليلة التاسعة من شعبان دام خير متشعب في مدح الإمام الأعظم ابي حنيفة  
رضي الله عنه سنة سبع عشرة و سبعمئة

أيا مشهد النعمان لا زلت عامرا لقد جئتُ مشتاقا اليك و زائرا  
و تشوف جسمي في الزيارة غائبا وقد كان قلبي قبل جسمي حاضرا  
ولا زلت في نور و قدس و رفعة ولا زلت في يمن ولا زلت عاطرا  
فلولاك في بغداد لم يحو أهلها من الشرف الأعلى و عُطِّلَ قاصرا  
لا، إنها فاقت بلاد مشارق و بلدان غرب منذ حازتك نادرا  
فأعظم بنعمان بدا باجتهاده على الأوليا العُبد الرُّهد باهرا  
إماما على كل الأئمة سابقا هماما على جل الأجلة زاهرا  
أميناً علي تبليغ دين محمد معيناً لشرع الله لا زال طاهرا  
صبور علي الضراً صلِّبا و ذاكرا وقورا لدى السراً سما و شاكرا  
مَجيدا مُجيدا للمساعد ليذا حديدا شديدا للمعانَد قاهرا

Мадақ өлең арабтың бахр ат-тауиил өлшемімен жазылған.

Ғұлама 718 жылдың шағбан айында (1318 жылдың қыркүйек – қазан айлары шамасында) Әбу л-Қасим әз-Замахшаридің (538/1144 ж.қ.б.) «ал-Кашшаф» кітабын автордың өз қолымен жазған нұсқасынан көшіріп шыққан. 720/1320 жылы Дамаскіге келеді, шаһарда дәрістер жүргізеді, пікір таластарға түседі, сөйтіп оның ғалымдық қабілеті жарқырай көрінеді [11, 1/493]. 721/1321 жылы рамазан айының басында қажылық жасайды [4,18/209]. Сонан соң 721/1321 жылы муххарам айының ортасында (1321 жылдың қаңтарында) Мысырға келеді. Осында одан «әл-Һидаяға» шарх жазуын сұраған. Әл-Итқанидің өзі бұл еңбегін 721/1321 жылдың раббиул ахира айының басында Каирде бастағанын еске алады. Ол Мысырда көп тұрмайды, 721/1321 жылдың рамазан айында Дамаскіге қайта оралады. Әмір Кәтиб Бағдадқа қарай жол тартады, ханафилік әл-Хатуния (медресесінде) тоқтайды [4, 18/209]. Ол 722 жылы Иракқа табан тірейді. Осында қадилыққа тағайындалады. Имам Әбу Ханифа мазарының басында (медреседе) сабақ береді. 722 жылдың рабии-аууал айында (1322 жылдың наурызының аяғында) Бағдадта әл-Хадж Мұстафаның қызы Хадиджамен үйленуін атап өткен [3,110]. «Баят ул-баянды» тастамай, көлемді туындының бір бөлігі Иракта, Аранда, көпшілік тарауларын жазуды Бағдадта жалғастырған.

Хайр ад-дин аз-Зиркли «ал-Алам» атты атақты еңбегінде Әмір Кәтиб туралы қысқа мәлімет келтіре келіп, оқымыстының өз қолымен көшірілген еңбегінің түпнұсқасының бір бетінің суретін берген. Содан оқымыстының осы бір еңбегін Бағдад қаласында 739/1339 жылы

әмірдің қамауында отырып жазғанын білеміз. Осы беттегі мәтінің қазақшасы:

«Бұл кітапты автор Қауам әл-Фараби әл-Итқани есімімен аталған әл-Фақир ила Алла (Алланың мейіріміне мұқтаж) Әмір Кәтиб ибн Әмір Омар әл-Амид 739 жылы зул-қағда айының 25-нде Бағдад қаласының шығыс бөлігінде қолға алды. (Сол уақытта) оны кейбір әмірлер қамауда ұстаған еді. Алла Тағала барлық мұсылмандардан бүлікті алыс қылғай. Ин ша Алла.

Кітапты авторы Қауам әл-Фараби әл-Итқани есімімен аталатын әл-Абд әд-Дағиф (әлсіз құл, кішіпейіл, қарапайымдылық ниетімен айтылған) Әбу Ханифа Әмір Кәтиб ибн Әмір Омар әл-Амид 755 жылы зул-хиджа айының соңында (Алла қорғауына алған) Каир қаласында, әл-Мәлік ән-Насыр ибн әл-Мәлік әл-Мансұр билігі кезінде жазды. Барлық мадақ Аллаға лайық, Алланың игілігі мен сәлемі Мұхаммедке және оның күллі отбасына болсын!» [12,14].

Осы мәтіннен оқымыстыны әмірлердің бірі қамауда ұстағанын, сол бас бостандығы шектелген кездің өзінде де ғалым еңбектерін жазуды жалғастыра бергендігін білеміз. Бірақ ғалым не үшін тұтқындалды, қамауда қанша отырды, ол туралы әзірге басқа ешқандай дерек жоқ. Хайр ад-дин аз-Зиркли де бұл оқымыстының қай кітабының қолжазбасынан алынғандығын, қай жерде сақталғандығын анық көрсетпеген. Біздің ойымызша, ғалымның сол кезде жазып жүрген туындысы «Баят ул-баян», ал 755 жылы зул-хиджа айының соңында (Алла қорғауына алған) Каир қаласында, әл-Мәлік ән-Насыр ибн ән-Насыр ибн әл-Мәлік әл-Мансұр билік тізгінін ұстаған кезде сол шығармасын тағы көшіріп шыққан деп шамалаймыз.

Ғұлама 747 жылдың ражап айының оныншы жұлдызында /1346 жылдың 27 қазанында Дамаскі қаласына екінші мәрте қайта келеді. «Ан-нужум аз-заһирада» «оның Дамаскіде фатуа шығарып, дәріс беріп, (ғылыммен) шұғылданғаны» туралы айтылады [13,758]. Оқымыстының Дамаскіде аз-Заһаби қайтыс болғаннан кейін «Дар әл-хадис әз-Заһирияда» (Заһирия хадис үйінде) (оқытушылыққа) тағайындалған әрі «әл-Күнжийя» (медресесінде) дәріс берген [10,1/460].

Әл-Итқани өзінің «*Рисала фи рафа ил-иад индә р-руку уә индә рафа ир раас минһу фис-салат уа адаму жауазиһи*» («Намазда рукуғта және одан басты көтергендеқолды көтеру және оған рұқсат етілмейтіндігі туралы трактатында» осы туындысын жазуға себеп



болған оқиғаны, жазылған уақытын былайша баяндап береді:

«Пайғамбарлар (а.с.) аяғы тиген құтты мекен, ізгі-жақсылардың жері болған Шам өлкесіне (Алла Тағала бұл жерді берекелі етсін) 747 жылдың ражап айында оныншы жұлдызында келіп, Дамаск қаласына аяқ бастым. Аталған жылдың рамазан айының 27-түнінде мұсылмандардың әміршісі, әміршілердің билеушісі Сайф ад-динмен жолықтым. Онда (сарайында) ақшам намазын оқыдық, сол кезде имам руқуға барар кезде, руқуған тұрған кезде екі қолын көтерді. Мен намазымды қайта оқып болған соң имамға: «Сен мәлики мәзһабын ұстанасың ба, әлде шафиғисың ба?» дедім». Ол әл-Мұзаффар Сайф ад-дин Әмір ал-муминин Хажимен 747 жылдың 27 рамаданында /1347 жылдың 11 қаңтарында кездескен.

Осылайша әйгілі ғылыми талас-тартыс, айтыс басталды. Әл-Итқани мен жергілікті ғалымдар, имамдар арасындағы пікірталас *«Рисала фи рафа ил- иад индә р-руку уә индә рафа ир-раас минһу фис-салат уа адаму жауазиһи»* («Намазда руқуғта және одан басты көтергенде қолды көтеру және оған рұқсат етілмейтіндігі туралы трактатының») жазылуына себепкер болды. Әл-Итқанидің бұл еңбегі 747 жылы шәууәл айының 17 күні жазылып біткен. 750/1349 жылы ражап айының бірінші онкүндігінде Ала ад-дин Әбу л-Хасан Әли ас-Сиуаси әл-Малтидің сауалдарына жауап ретінде *«ар-Рисала әл-әләя»* (Жоғарғы (деңгейдегі) трактаты) жазылған.

751/1350 жылы сафар айының сегізінде сенбі күні Дамаскіден шыққан. Демек ол Дамаскіде үш жыл алты ай жиырма сегіз күн тұрған. Осы кезде сабақ берумен қатар шығармаларын жазуды жалғастырған. «Баят ул-баянды» 747/1346 жылы зұлқағда айының 17-інде, бейсенбіде, Азардің (наурыздың) бірінші күні Дамаскіде аяқталған. Автордың өз сөзіне қарағанда, осы туындысын тәмәмдауға 26 жыл 7 ай 17 күнін сарп еткен.

Ғұлама Дамаскіден Мысырға 751 жылы дүйсенбі күні раббил алауалдың екісінде келген.

Қауам ад-диннің өз сөзіне қарағанда, «Манзумат ад-дурар» хижра бойынша 711 жылы, яғни 1311 жылы Бұхарада жазылып, қырық жылдан соң Сайф ад-дин Сарғатмуш бин Абдулла әл-Хитаайи әл-Малакий ән-Насрийге Каирде тарту етілген. Демек қылшылдаған 25 жасында жазылған қолжазбаға автор кейін Каирде тұрған кезінде қайта оралып, көшіргенін айқындаймыз. Оның кейінгі Мысырда тұрақтауы әмір Сарғатмуш есімімен тығыз байланысты. Әмір ғұламаны құрметтеп, дәріптеп Мысырға шақырады. Ол әл-Маридини

мешітінде дәріс беруді бастайды.

Әмір Сайф ад-дин ан-Наср Сарғатмуш – сұлтан ан-Наср Мұхаммед бин Қалауынның мәмлүктерінің бірі, оны 737-738 жылдар шамасында үлкен ақшаға сатып алған, кейінірек жамдара етіп тағайындайды, бұл – сұлтанның айнасын көтеріп жүретін, оның киінуіне жауапты қызмет. Мұзаффар Хажи бин Мұхаммед ибн Қалауын тақта отырған кезде жұлдызы жарқырай түсті, Таблхана әмірі мансабына дейін өсті. Таблхана бектері – сұлтанның қарамағындағы бейбіт кездегі қырық салт атты мәмлүктер, олар іс қараушылар, бақылау қызметтерін атқаратын. 751/1352 жылы раис наубат мансабына тағайындалды, бұл – мәмлүктерді басқаратын мансап. Оған үлкен билік беріліп, ас-Салих мемлекетінде ықпалды тұлғаға айналды, ол Әмір шейхтен кейінгі мемлекет істерінде өзінше шешім қабылдайтын. Сұлтан Хасан Мысырдың патшалығына қайта оралған соң, Сарғатмушқа деген пікір өзгерді, оның беделі мен мемлекет істерінде өзі шешім қабылдауынан қауіптенгендіктен 759/1358 жылы 20 рамазанда қамауға алынып, Александриядағы түрмеге отырғызады, екі айдан соң 759/1359 жылы Зу хижжа айында түрмеде дүниеден өткен, сүйегі өзі салдырған Сарғатмуш медресесіне әкелініп қойылған. Тарихшы әл-Мақризи (1364-1442ж.ж.) Сарғатмуш туралы былай деп жазған: «оның кескіні көрікті, дене бітімі келісті еді, Құран оқитын, фикһта Әбу Ханифа мәзһабында болды, өз мәзһабына көзсіз берілген еді, араб еместерді жақын тартып, оларға мырзалық танытып, ерекше құрмет көрсететін» десе [14, 2/264], ибн Тагриберди (874/1470 жылы қ.б.): «Сарғатмуштың мемлекетте үлкен орны болды, көрнекті еді, ғылымға атсалысты, фикһ пен араб тілі (ілімін) (талқылап) оқыды, ғұламаларды, тамаша ғаламдарды жақсы көріп, олармен бірге көп отыратын» деп жазды [13, 10/328]. Әл-Итқанидің Сарғатмушқа арналған мадақ сөздерінен әмірдің Мысырға келгенде қамқор, пана болғандығы анық айтылады: «Мәртебелі әмірші, өз заманында теңдессіз, Лейстей қорғаушы болған, нөсерлеп жауып аққан жаңбырға, суы ала айран теңізге ұқсаған, туған жері – әл-Ханбали, ұстаған діни көзқарасы жағынан – әл-Ханафи, тұрған жері жағынан мысырлық, каирлік, лайықты атақтарға ие болған Сайф ад-дин Сарғатмуш бин Абдуллаһ әл-Хитаайи әл-Малакий ән-Насрий, Алла ол басқарған мемлекеттің ғұмырын ұзақ, кемшіліктерден аулақ қылсын!.. Біз таныған Сарғатмуш мырзаның алдында өзімізді кіші санаймыз. Алла оның өмірін ұзақ етіп, тура жолдан тайдырмасын! Ол болмағанда,

### Ш. Керім. Түркістандық ғұлама – Әл-Итқани

оның мейірімі болмағанда Мысырға келгенде күніміз не болар еді!

Соның арқасы! Соның арқасы! Соның арқасы! Соның арқасы! Соның арқасы!»

Әл-Итқанидің Сарғатмушқа арналған мадақ сөздерінен Мысырға аяқ басқан оқымыстының жағдайы жақсы болмағандығын, сондай қиын кезде әмірдің оған сүйеніш, тірек болғандығын анық байқаймыз.

757/1355 жылдың жумада әл-аууал айының 9-ы, сәрсенбі күні медресенің ашылуы күні оған ұзын шапанын (рида) иығына жауып, астына әдемі қашыр мінгізген, осы жолы әмірге мадақ бәйіттерін арнаған. Дәріс беруді 757/1355 жылы жумадал-ула айында бастайды. Бұл есте қаларлық күн болды. Әмір Сарғатмуш шейх әл-Итқанидің үйіне келеді де медресеге келуге шақырады. Атқа мінген соң, жүгенінен жетектеп өзінің нөкерлерімен бірге медресеге дейін келеді.

Осы күні әл-Итқани Сарғатмушты мақтап өлең шығарады.

Әл-Итқани айтуынша Сарғатмуш оған бұл өлең жолдарына сыйлық ретінде он мың дирхам берген. Шыққан кезінде күміспен қапталған ері бар қашырға мінгізеді. Бұл келтірілген мысалдар әл-Итқанидің үлкен дәрежесін, биік аброй-мәртебесін айқындайды. Оқымысты көп ұзамай Мысырдың атақты ғалымына айналады.

Осы кезде ғалым қартайып қалған еді. Бұған «ад-Дурар әл-камина фи ағайани л-миъати ас-саминада» келтірілген төмендегі жолдар айғақ болады: «ол Дамаскіден кетіп 751 жылы Мысыр еліне жетеді. Сол кезде оған Сарғатмуш сый-сияпат, құрмет көрсетіп, өзі салдыртқан медресеге шейх қылып қояды. Бұл жайында ол әмірді мақтап қасида шығарады, бұл оқиға 757 жылдың джумада әл-ула айында болған. Оның (медресе) құрылысының 756 жылдың рамазан айында басталғандығы айтылады. Әмірдің келуіне арнап таңға жуық таңдалған күні сабақ жүргізді, оның дәрісіне Сарғатмуш зор ынтамен қатысты [11,1/493]. Сарғатмуш салдырған медреседе дәрістер Әбу Ханифа мәзнабы бойынша ғана жүргізілді. Әл-Итқани осы медресеге фикһ пәніне ұстаздықты атқарумен қатар хадис бойынша сабақтарды реттеп отырған.

Ғұлама хижра жыл санауы бойынша сенбі күні шаууәл айының он бірінші жұлдызында шамамен 73 жасқа толғанда 758/1357 жылы Каирде көз жұмды. Атақты жылнамашы, тарихшы Жамал ад-дин Әбу-л Махасин бин Тагриберди (874/1470 ж.қ.б.) жазуынша оқымыстының жаназасы есте қаларлықтай өткен, қазаға қайғырушылар көп болған

[15, 3/103], ол Каирдің сыртындағы сахарада жерленген [13, 10/325], ал ас-Саламның «эл-Уәфиятында» Қуббат ун-настрге жақын жерге жерленгені айтылған [16, 65].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аширбек Муминов. Роль и место Ханафитских улама в жизни городов Центрального Мавараннахра (I–VII / VIII–XIII в.в.) Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. Ташкент – 2003.
2. Türkiye diyanet vakfi Islam ansiklopedisi, cilt 23, Istanbul, 2001.
3. Аширбек Муминов. Присирдарьинские ханафиты в VI-VIII / XII-XIV веках // Исламтану және араб филологиясы мәселелері. Алматы, 2008.

4. البداية والنهاية  
المؤلف: أبو الفداء إسماعيل بن عمر بن كثير القرشي البصري ثم الدمشقي (المتوفى: 774هـ)  
تحقيق: عبد الله بن عبد المحسن التركي  
الناشر: دار هجر للطباعة والنشر والتوزيع والإعلان  
الطبعة: 1418هـ - 1997م
5. سير أعلام النبلاء  
محمد بن أحمد بن عثمان الذهبي  
مؤسسة الرسالة  
سنة النشر: 1422هـ / 2001م
6. العبر في خبر من غبر  
المؤلف: شمس الدين أبو عبد الله محمد بن أحمد بن عثمان بن قايماز الذهبي (المتوفى: 748هـ)  
الناشر: دار الكتب العلمية - بيروت  
سنة النشر: 1405 — 1985
7. حسن المحاضرة في تاريخ مصر والقاهرة  
المؤلف: عبد الرحمن بن أبي بكر، جلال الدين السيوطي (المتوفى: 911هـ)  
الناشر: دار إحياء الكتب العربية - عيسى البابي الحلبي وشركاه - مصر  
الطبعة: الأولى 1387هـ - 1967
8. مرآة الجنان وعبرة اليقظان في معرفة ما يعتبر من حوادث الزمان  
المؤلف: أبو محمد عفيف الدين عبد الله بن أسعد بن علي بن سليمان اليافعي (المتوفى: 768هـ)  
الناشر: دار الكتب العلمية، بيروت - لبنان الطبعة:  
الأولى، 1417هـ - 1997م
9. التبيين. تأليف قوام الدين أمير كاتب بن أمير عمر غازي الفارابي الإتقاني الحنفي المتوفى سنة 758هـ (وهو شرح له على المنتخب في أصول المذهب لحسام الدين (الإخسيكي) تحقيق ودراسة د. صابر نصرمصطفى عثمان 1420، 1999م. الجزء الأول
10. بغية الوعاة في طبقات اللغويين والنحاة  
المؤلف: عبد الرحمن بن أبي بكر، جلال الدين السيوطي (المتوفى: 911هـ)  
المحقق: محمد أبو الفضل إبراهيم  
الناشر: المكتبة العصرية - لبنان / صيدا  
سنة النشر: 1384 – 1964
11. الدرر الكامنة في أعيان المائة الثامنة  
المؤلف: أبو الفضل أحمد بن علي بن محمد بن أحمد بن حجر العسقلاني (المتوفى: 852هـ)  
المحقق: مراقبة / محمد عبد المعيد ضان  
الناشر: مجلس دائرة المعارف العثمانية - صيدر اباد/ الهند  
الطبعة: الثانية، 1392هـ / 1972م

### III. Керім. Түркістандық ғұлама – Әл-Итқани.

12. الأعلام ، قاموس تراجم لأشهر الرجال والنساء من العرب والمستعربين والمستشرقين ، تأليف : خير الدين الزركلي ، دار العلم للملايين 1085 - بيروت – لبنان الجزء الثاني
13. النجوم الزاهرة في ملوك مصر والقاهرة  
المؤلف: يوسف بن تغري بردي بن عبد الله الظاهري الحنفي، أبو المحاسن، جمال الدين (المتوفى: 874هـ) سنة النشر: 1383 - 1963 الناشر: وزارة الثقافة والإرشاد القومي، دار الكتب، مصر
14. المواعظ والاعتبار بذكر الخطط والآثار  
المؤلف: أحمد بن علي بن عبد القادر، أبو العباس الحسيني العبيدي، تقي الدين المقرئ (المتوفى: 845هـ)  
الناشر: دار الكتب العلمية، بيروت الطبعة: الأولى، 1418هـ عدد الأجزاء: 4
15. عنوان الكتاب: المنهل الصافي والمستوفي بعد الوافي  
المؤلف: يوسف بن تغري بردي الأتابكي جمال الدين أبو المحاسن الناشر: الهيئة المصرية العامة للكتاب سنة النشر: 1984
16. الشامل في شرح أصول البردوي، القاضي أبي حنيفة أمير كاتب بن أمير عمر العميد الفارابي الإيتقاني 685-758هـ . من باب بيان أقسام السنة حتى آخر باب الطعن يلحق الحديث من قبل غير راويه. دراسة وتحقيقاً رسالة مقدمة لنيل درجة الدكتوراه. إعداد: سعيد بن جمعان العمري.  
هـ- الجزء الأول). المملكة العربية السعودية وزارة التعليم العالي جامعة الإمام محمد بن سعود 1423-1424 عام الإسلامية كلية الشريعة بالرياض قسم أصول الفقه

## МАЗМУНЫ, CONTENTS

<b>ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ</b>		
Кыдыкбаева К.С. (Бишкек) Kudykbaeva K. S. (Bishkek)	Ч.Айтматовдун чыгармаларын лингвистикалык өңүттө иликтеп-үйрөнүү зарылдыгы жөнүндө Importance of Linguistic Research in Ch. Aitmatov's works	5-11
<b>ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР</b>		
Zhiyenbayev Y. (Türkistan)	Mağcan Cumabayev'in Şiirlerinde Milli Bilinç Meselesi National Identity in Magzhan Zhumabayev's Poetry	12-24
Gezgin F. (Izmir)	Makedonya Türkleri Yeni Türk Edebiyatı'nda Şiir Makedonian Turks and Poetry in the New Turkish Literature	25-58
Asker N. (Baku)	Destancılık Geleneği İçerisinde Aşık ve Kahraman Köroğlu Koroghlu as Ashug and Hero of the Epic Tradition	59-66
<b>ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ</b>		
Сыздықов С. (Астана) Syzdykov S. (Astana)	Тарихи сабақтастық: Қарлық-қарахандардан – Қазақ хандығына Historical Continuity: From Karluq-Karahanids to the Kazakh Khanate	67-82
Сәтбай Д. (Қызылорда) Satbay D. (Kyzylorda)	Олжас Сүлейменов түркітанушылығының бастаулары Turkological Research of Olzhas Suleymenov	83-92
Korkmaz T. (Nevşehir)	Kazakistan'da Düünden Bugüne Tarih Eğitimi History Education in Kazakhstan: Past and Today	93-107
<b>ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ДІН</b>		
Бегалинова К. (Алматы) Коқумбаева Б. (Павлодар) Begalina K. (Almaty) Kokumbaeva B. (Pavlodar)	Филогенетические истоки динамических процессов в культуре казахских степей Phylogenetical Sources of Dynamics Processes in the Culture of Kazakh Steppes	108-117
Керім Ш. (Алматы) Kerim Sh. (Almaty)	Түркістандық ғұлама – әл-Итқани Turkestaner Scientist – al-Itqani	118-133

**БАЙЛАНЫС**

Түркология ғылыми-зерттеу институты  
Түркістан/ҚАЗАҚСТАН

e-mail: [turkology.institute@ayu.edu.kz](mailto:turkology.institute@ayu.edu.kz)

Басылым: Ахмет Ясауи университетінің «Тұран» баспаханасы

Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы  
Бекзат Саттарханов даңғылы № 29

Телефон. 8 (72533) 3-16-78

Журналдың электрондық нұсқасын [www.ayu.edu.kz](http://www.ayu.edu.kz) сайтынан оқуға болады.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның  
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж. Танауова  
Көркемдеуші редактор А. Авжы  
Ағылшын тілі редакторы А. Евлер

Басуға 23.06.2017 ж. қол қойылды.  
Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік.  
Шартты баспа табағы 9,0.  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 630.